



ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЕЛ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ҚЫЗМЕТ

ешқашан ұмытылмауы керек, ел жадында сақталуға тиіс



Мемлекет басшысы Республика күніне орай өткен салтанатты жиында сөз сөйледі. Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды ұлтымыздың ең ұлық мерекесімен құттықтап, бұл азаттықтың алтын қазығын қаққан күн екенін атап өтті. Президент еліміздің Егемендігі туралы Декларация қабылданған күнді қасиетті Тәуелсіздігіміздің бастауына балады.

Алқалы жиында Президент биік мақсаттарға ұмтылатын бірлігі мықты ел болсақ, көк паспортымыз да мықты әрі қуатты болатынына маңыз берді.

– Бір-бірімізге тілектес болайық, өзара құрметпен қарайық, қадірлейік. Кез келген қиындыққа қарсы тұрып, ел үшін, жер үшін бірге еңбек етейік. Халқы – біртұтас, болашағы – жарқын. Әділетті Қазақстанды бірге құрайық. Азаматтарымыз барлық салада әрдайым әділдік болғанын қалайды. Ол үшін әркім әділдікті, ең алдымен, өзінен бастауы керек. Сонда қоғам да, бүкіл мемлекеттік жүйе де әділ болмақ. Еліміздің ең басты мерекесі – Республика күнінде біз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың табанды еңбегін атап өтуге тиіспіз. Оның қазіргі Қазақ мемлекетін құру ісінде шешуші тарихи рөл атқарғанын міндетті түрде айтуымыз қажет. Ел үшін жасалған қызмет ешқашан ұмытылмауы керек, ел жадында сақталуға тиіс. Бұл – еліміздің болашағы үшін өте маңызды. «Жақсының жақсылығын айт» деген халқымыз. Бүгінгі тарихқа әділ баға берілуі үшін кешегі тарих әділ бағалануға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

25.10.2024

Түнде: +3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз: +15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

26.10.2024

Түнде: +6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз: +15+17 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

27.10.2024

Түнде: +4+6 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз: +13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

МЕРЕЙЛІ ДЕ, МӘРТЕБЕЛІ МЕЙРАМ

Қазақта «Егемен болмай, ел болмас» деген мағыналы сөз бар. Бүгін – Республика күні. Ең ұлық мереке. Біздің өз Елтаңбасы, Туы, Әнұраны және Ата Заңы бар, төрт құбыламыздың тең екенін айқындайтын айрықша күн. Бұл – мемлекетіміздің егемендігі туралы Декларация қабылданған тарихи дата.

«Әрине, мұндай қадамға бару оңай болған жоқ. Еліміздің сол кездегі саяси-әлеуметтік және демографиялық ахуалы тұрғысынан қарасақ, бұл өте батыл әрекет болатын. Егемендік декларациясы – тәуекел мен дипломатияның, ақыл мен сабырдың жемісі. Осы тарихи құжаттың әсері көп ұзамай байқала бастады. Біз қоғамның іргетасын жаңартып, жаңа белестерге ұмтылдық. Қазақстан қиын өткелден өтіп, іргелі ел болуға бағыт ұстады. Ұлы Абай айтқандай, «ақырын жүріп, анық баса» отырып, ешқандай дүрбелеңсіз тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ең бастысы – біз бабалар аңсаған азат елге айналдық. Әлем мойындаған, құрмет тұтқан мемлекет атандық. Мұның барлығы – бүкіл халқымыздың ортақ еңбегінің жемісі. Республика күнінің басты құндылығы – осында», – деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Иә, бұл егемендік ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы арманы еді. Шекарасы берік Қазақстан жер көлемі жағынан әлем картасында 9-орында тұр. Рухы биік бабаларымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен шайқасып жүріп-ақ осынау ұлан-ғайыр даланы сыртқы жаулардан аман алып қалып, бізге аманат-



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

тады. Сол аманатқа адал болу – кейінгі буынға парыз.

Біз бақыттымыз! Себебі, аспанымыз ашық, күніміз жарық. Елдің ертеңі болып саналатын өрендердің бақытты балалық шағына кепілдік беретін тұғыры биік мемлекетіміз бар!

Республика күні – халықтың думандатып тойлайтын, мерекелік көңіл күй орнайтын күн.

Осынау құндылықтарымызды жас ұрпақ санасына құя біліп, дәріптей жүрсек, егемен елдің ертеңіне алаңдауға негіз жоқ.

(Ең ұлық мерекемізді дәріптейтін тұшымды мақалаларымызды газетіміздің ішкі беттерінен оқи аласыздар).



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ДИПЛОМАТИЯ МЕН ДИАЛОГ

қағидаттары БРИКС-тің негізгі күн тәртібіне айналды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің шақыруымен БРИКС-ке мүше мемлекеттер басшыларының XVI Саммитіне қатысу үшін Қазан қаласына жұмыс сапарымен барды.

Сапар аясында Қазақстан Президенті ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевпен, Мысыр Президенті Әбдел Фаттах Ас-Сисимен, Лаос Президенті Тхонглун Сисулитпен, Конго Президенті Дени Сассу-Нгессомен және Вьетнам Премьер-министрі Фам Минь Чиньмен екіжақты кездесулер өткізіп, БРИКС-тің «аутрич»/«БРИКС+» форматындағы пленарлық отырысында сөз сөйледі.

ЖАҒАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ

Мемлекет басшысы БРИКС өзара тиімді ынтымақтастыққа ниетті көптеген елдің назарын аударатын халықаралық ауқымдағы жаһандық орталыққа айналып келе жатқанын атап өтті.

– БРИКС даму тұрғысынан мол әлеует-

ке ие және түрлі құрлықтағы мемлекеттерді біріктіреді. Сондай-ақ, ынтымақтастықты нығайтып, ортақ ресурстарды барлық қатысушының игілігіне тиімді пайдаланады. Өзара құрмет пен серіктестік, бірлесе өркендеу қағидаттарына негізделген келешектің іргесін қалауға БРИКС-тің тәжірибесі де, мүмкіндігі де жетеді, – деді Президент.

Президенттің пікірінше, БРИКС-тің көпжақты күш-жігері әлемде әлі де баламасы жоқ әмбебап құрылым саналатын БҰҰ қызметін толықтыра түседі.

– БҰҰ Жарғысындағы дипломатия мен диалог қағидаттары БРИКС-тің негізгі күн тәртібіне айналды. Ол қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеуге және стратегиялық тұрақтылықты нығайтуға ықпал етіп отыр. Біз Еуразияның тең әрі біртұтас

қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты Ресейдің тұжырымдамасын жоғары бағалаймыз. Оның түп негізінде өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту арқылы геосаяси қысымды төмендету ниеті жатыр. Қазақстан Қытайдың халықаралық тұрақтылықты сақтау, егемендікті қорғау, қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу және көпқырлы тәсілдерді қолдану арқылы жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бастамасын қолдайды. Сондай-ақ, еліміз Қытай мен Бразилияның Украина жөніндегі бейбіт жоспарын құптайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ахуалдың ушығуына алаңдаушылық білдіріп, бейбітшілік және қауіпсіздік мәселелерін шешуде Жаһандық Оңтүстік елдерінің үні салмақты шығуға тиіс деп мәлімдеді.

– Біздің ойымызша, қақтығыстың кедергісі, теңсіздік пен білімсіздік сияқты түп себептерін бірлесіп жою халықаралық саяси ықпалдастықты нығайтудың негізгі

факторы болып қала береді. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалауды және оның құрамын Африка, Латын Америкасы, Азия елдерінің жаңа мүшелері есебінен кеңейтуді қуаттайды, – деді Президент.

Оның айтуынша, БРИКС жаһандық басқару құрылымында орта державалар мен дамушы экономикалардың үлесін арттырып, бұл үдерісте негізгі рөл атқара алады.

СЕНИМДІ СЕРІКТЕСТІК
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТ

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Қазақстанның БРИКС-ке мүше елдермен сауда-саттық айналымы қарқынды өсіп келе жатқанын атап өтті. Бұл көрсеткіш былтыр еліміздің сыртқы сауда көлемінің жартысына жетті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, сауда және инвестиция, IT-технология, аса маңызды минералдар, азық-түлік қауіпсіздігі, білім және туризм салалары өзара тиімді серіктестіктің перспективті бағыттары саналады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы өз сөзінде көлік-транзит саласындағы, ең алдымен, «Бір белдеу, бір жол», «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізі және Транскаспий халықаралық көлік бағыты бастамалары аясындағы өзара ықпалдастықты нығайту мәселесіне баса мән берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетикалық қауіпсіздікті нығайту, сондай-ақ су тапшылығы, ауа температурасының күрт көтерілуі және шөлейттену секілді климат өзгерістерінің салдарын еңсеру үшін «БРИКС плюс» аясында сенімді серіктестік қатынастар қалыптастыру қажет екенін атап өтті.

Президент сөзін қорытындылай келе, «БРИКС плюс» форматындағы бірлескен әрекеттер Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы өзара байланысты едәуір нығайтып, мемлекеттер дамуындағы алшақтықты жоюға, халықаралық қауіпсіздікті айтарлықтай күшейтуге және жаһандық прогресс үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретінін айтты.

Саммитке 36 елдің өкілдері және 6 халықаралық ұйымның жетекшілері қатысты, сондай-ақ жоғары деңгейдегі 20-ға жуық делегация келген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ТАТАРСТАН ТӨРІНДЕ

қазақтың ұлы ақыны
әрі ойшылы
Абай Құнанбаевтың
ескерткіші-бюсті ашылды

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз орталығы хабарлағандай, Ресейде өткен алқалы жиын – БРИКС мемлекет басшыларының XVI Саммиті аясында Татарстан астанасында қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбаевтың ескерткіші-бюсті ашылды.

Қазақстан Президентінің Қазан қаласына жұмыс сапарына орайлас-тырылған іс-шараның ашылу салтанатына еліміздің Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Татарстан Республикасының Мәдениет министрі Ирада Аюпова, Қазандағы ҚР Бас консулы Ерлан Ысқақов, сондай-ақ Татарстан Жазушылар одағының төрағасы Ркаил Зайдуллин, сондай-ақ қала тұрғындары мен қазақ ұлттық-мәдени автономиясының өкілдері қатысты. Салтанатты іс-шара қазақ ақынының ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен қорытындыланды. Ұлы ойшылдың ескерткіші Қазан қаласында Назарбаев пен Качалов көшелерінің қиылысында орнатылды. Бюст авторы – Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, мүсінші Нұрбол Қалиев.



Аида БАЛАЕВА,
ҚР Мәдениет және ақпарат министрі:

РУХАНИ ТУЫСТЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Қазанда ескерткіштің ашылуы халықтар арасындағы достықтың, өзара түсіністік пен рухани туыстықтың үлгісі. Бүгінгі іс-шараның БРИКС мемлекеттері ынтымақтастығы саммиті аясында өтіп жатқанының өзі іс-шараға ерекше сипат беріп тұр. Бұл екі ел арасындағы мәдени байланысты нығайтып, тереңдете түсері сөзсіз. Абай – өз ұлтының рухани байлығын бойына сіңіре отырып, жалпы адамзаттық ой-пікір деңгейіне көтерілген тұлға.

Ирада АЮПОВА,
Татарстан Республикасының Мәдениет министрі:

МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ
НӘТИЖЕСІ

Қазақстанның Ресеймен достық қатынасын дамыту аясында Татарстанға, біздің мәдениетімізге шынайы қызығушылық танытып жатқаны қуантады. 2018 жылы Қазақстан тарапынан Қазан қаласына қонақжайлық белгісі – «Тайқазан» мүсіні сыйға берілді. Бүгін Абайдың ескерткіші де дәл осы жерде, осы алаңда орнатылуы кездейсоқ емес. Ресейде ұлы қазақ ақынына деген құрмет ерекше. Еліміздің астанасында Абайдың ескерткіші орнатылған. Сондай-ақ, Ресейдің бірқатар қалаларында Абай Құнанбайұлының атымен аталған көшелер бар. Бүгінгі іс-шара – қазақ пен татар халықтарының рухани бірлігіне негізделген ұзақ жылдар бойғы жемісті іскерлік пен мәдени байланыстардың нәтижесі деп білеміз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).



Мейіржан ОТЫНШИЕВ:

МӘСЛИХАТ МИССИЯСЫ –

мегаполис мүддесі мен қала тұрғындарының игілігі үшін қызмет ету

Жыл сайын 25 қазанда елімізде ұлттық мерекеміз – Республика күні тойланады. Биыл бұл мәртебелі мейрамымыз Мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл екі мереке де негізгі құндылықтар тұрғысынан бір-бірімен үндес. Екі оқиға да азаматтардың өз елін басқаруға қатысу идеясын, олардың дауыс беру құқығын және болашаққа әсер ету мүмкіндігін көрсетеді. Демократия жергілікті жерлерден басталатынын және Мәслихаттар – адамдарға өз құқықтарын іске асырып, өз пікірлерін еркін білдіруге мүмкіндік беретін құрылымдар екенін есте ұстау маңызды. Осы орайда «Ақшамның» қомақшай шаңырағында Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы Мейіржан ОТЫНШИЕВ сөз алады.

ғытталды. Оған қалалық қызметтерді күтіп-ұстау, әлеуметтік және коммуналдық инфрақұрылымның жұмыс істеуін қамтамасыз ету кіреді. Сонымен қатар, білім беру, денсаулық сақтау, көлік және экология салаларындағы жобаларды жүзеге асыруға 332,8 млрд теңге бағытталды.

Сондай-ақ, Қоғамдық даму, мәдениет, спорт, дін және жастар саясаты жөніндегі комиссия мәдениет қызметкерлерінің және Алматы қаласының Дін басқармасына қарасты ұйымдардың жалқысын көтеру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. Мысалы, комиссияның көшпелі отырыстарында қалалық кітапханалар, театрлар және музыка мекемелері қызметкерлерінің орташа жалқысы 138 мың теңге екені анықталды. Комиссияның ұсынысы бойынша және қала әкімі қолдауының арқасында 2 мың мәдениет қызметкерінің жалқысы 30%-ға арттырылды.

Депутаттардың бюджет жобасын қарау барысындағы рөлі тек қаржыны бөлуді ресми түрде бекітумен ғана шектелмейді. Олар бюджетті қарау процесіне белсене қатысып, өз бастамалары мен түзетулерін ұсынады. Сарапшылармен, қоғамдық ұйымдармен және қала тұрғындарымен көптеген талқылаулар мен кеңесулер барысында Мәслихат депутаттары Алматының даму басымдықтарына сәйкес бюджеттік қаражатты барынша ұтымды бөлуді қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік саланы қолдау маңызды

Алматы қаласының Мәслихаты әкімдіктен бірлесі отырып, әлеуметтік мәселелерге ерекше көңіл бөледі. 2024 жылы әлеуметтік салаға 759,2 млрд теңге бөлінді, бұл жалпы бюджет көлемінің 59%-ын құрайды. Бұл қаржы алдыңғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай өскенін және депутаттардың денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау мәселелеріне ерекше мән бергендігін көрсетеді.

Бюджетті бекіту барысында Мәслихат әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған жобаларды белсенді қолдады. Атап айтқанда, 2024 жылы 13 мектептің құрылысы жоспарланған, бұл 23 100 жаңа оқушы орнын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазіргі оқу орындарын қайта жаңарту жұмыстары жалғасады. Бұл, әсіресе, халық тығыз орналасқан аудандардағы оқушы орындарының жетіспеушілігі мәселесін шешуде маңызды қадам болып табылады.

Депутаттар сондай-ақ, денсаулық сақтау жүйесін дамытуға бағытталған жобаларды қолдады. 2024 жылы бірнеше медициналық орталықтың құрылысы аяқталды, сондай-ақ қолданыстағы мекемелердің жабдықтары жаңартылды. Медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға жаңа жабдықтар мен жедел жәрдем көліктерін сатып алу бағдарламалары үлкен рөл атқарады, бұл шұғыл қызмет көрсетудің жылдамдығын және медициналық қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Мәслихат Алматы қаласының алғашқы медициналық-санитарлық көмек (АМСК) ұйымдарында жайлы және инклюзивті орта құруға бағытталған «Алматы қаласындағы алғашқы медициналық-санитарлық көмектің бірыңғай стандарты 2030 жылға дейін» бағдарламасын мақұлдады. Бағдарлама АМСК мекемелерінің фасадтары мен кабинеттерінің бірыңғай стилі мен дизайнды әзірлеуді, күту уақытын азайту үшін электронды кезек жүйесін енгізуді және медициналық көмекке қолжетімділікті жақсартуды қамтиды.

Инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жалғаса береді

Депутаттар корпусының тағы бір маңызды міндеті – көлік жүйесін, коммуналдық қызметтерді және көгалдандыруды қамтитын қалалық инфрақұрылымды дамыту. 2024 жылы 70 км жаңа жолдың құрылысы мен жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, сондай-ақ қаладағы экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған шаралар бекітілді. Олардың қатарында экологиялық таза қоғамдық көліктер сатып алу жоспары бар – 600 автобус, 100 троллейбус және 100 электробус алу көзделген.

Депутаттар корпусы осы жобалардың орын-

далуын белсенді түрде қадағалап, жұмыстардың сапасы мен тиімділігін бақылауда ұстайды. Біздің мақсатымыз – Алматыны дамыған көлік жүйесі бар, жайлы жолдарымен және заманауи экологиялық көлігімен ерекшеленетін қалаға айналдыру. Бұл миллиондаған қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлікті қолдау – экономика үдерісі

Мәслихат қаланың экономикалық дамуын қолдауда да маңызды рөл атқарады. 2024 жылға шағын және орта бизнесті (ШОБ) қолдауға 19,9 млрд теңге бөлінді. Депутаттар кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасау бағытында белсенді жұмыс істеп жатыр, оған жеңілдетілген несиелерді субсидиялау, қарыздарды кепілдендіру және гранттар беру шаралары кіреді. Бұл шаралар қаланың экономикасын әртарапандыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған.

Мәслихаттың бастамаларының бірі – шағын өнеркәсіптік паркттерді дамыту. Бұл паркттер инвестицияларды тартуға және заманауи өндірістік алаңдар құруға мүмкіндік береді. 2024 жылы 18 шағын өнеркәсіптік парктің құрылысы жалғасып жатыр, бұл қосымша жұмыс орындарын ашып, инновациялық өндірістерді қолдауға ықпал етеді.

Алматы туристік орталық ретінде де белсенді дамып келеді. 2023 жылы қалаға келген туристер саны 17,5%-ға өсті, ал 2024 жылы Мәслихат депутаттары туристік ағынды одан әрі арттыру жоспарларын қолдады. Бұл мақсатта бюджетте 4,7 млрд теңге қарастырылған, ол туристік инфрақұрылымды дамытуға және қаланы халықаралық туристік бағыт ретінде ілгерілетуге жұмсалды.

Депутаттар Алматының халықаралық байланыстарын нығайтуда маңызды рөл атқарады. Қала халықаралық форумдар мен тәжірибе алмасу бағдарламаларына белсене қатысады, бұл бізге урбанистика, экология және басқару салаларындағы озық тәжірибелерді енгізуге мүмкіндік береді. Жақында біздің делегация Қытайда өткен Алматы туризмі күндері аясында Сиань және Пекин қалаларында болды. Бұл сапарда біз қаламыздың мәдени және гастрономиялық мұрасын таныстырып, туризм саласындағы ынтымақтастықты нығайттық.

Алайда, бұл сапар тек туризммен шектелген жоқ. Біз сондай-ақ, жасылдандыру, экологиялық тұрақтылық және көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша алдыңғы қатарлы жобалармен таныстық. Ерекше назар қоғамдық кеңістіктерді құрудағы заманауи шешімдерге аударылды, бұл шешімдер қалалықтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Сиань мен Пекинде біз қалалық ортаға жасыл аймақтарды біріктірудің үлгілерін көрдік, бұл Алматыны одан әрі дамытуда пайдалы тәжірибе болуы мүмкін. Бұл үлгілер қалалық ортаны жақсартуға, оны жайлы және экологиялық тұрақты етуге арналған тәжірибелерді енгізуге шабыт береді.

Экология, көлік және урбанистика салаларындағы халықаралық ынтымақтастық Мәслихат депутаттарының қызметінің маңызды бөлігінің бірі болып қала береді.

Әлеуметтік жауапкершілік

Алматы қаласының Мәслихаты әрдайым азаматтармен және қоғамдық ұйымдармен белсенді түрде ынтымақтасады. Депутаттар қала тұрғындарымен тұрақты кездесулер өткізіп, өзекті мәселелерді талқылайды және өмір сүру сапасын жақсарту бойынша нақты шешімдер ұсынады. Бұл шешім қабылдау кезінде түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеруге мүмкіндік береді. Бюджетті қабылдау – бұл әрдайым күрделі әрі көп деңгейлі процесс, мұқият қарауды талап етеді. Алматы қаласының Мәслихаты ашықтық пен есептілік принциптерін ұстанады. Бюджеттің орындалуын бақылау – тек нәтижелерді бағалау ғана емес, сондай-ақ қаражаттың тиімді пайдаланылуын үнемі қадағалау болып табылады. Депутаттар жол құрылысы немесе медициналық көмек көрсету болсын, көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау үшін тұрақты тыңдаулар мен отырыстар өткізеді. Мұндай тәсіл қаражатты мақсатсыз пайдаланудың алдын алып, қалалық бағдарлама-

ларды орындаушылардың есептілік деңгейін арттыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, Мәслихат депутаттарының басқа деңгейдегі депутаттармен өзара әрекеттесуі қала мен өңірлердің дамуына қатысты басым мәселелерді шешуде маңызды рөл атқарады. Мәслихат депутаттары ҚР Сенаты мен Мәжілісіндегі әріптестерімен тығыз ынтымақтасып, заңнаманы жетілдіруге бағытталған жұмыс топтары мен бірлескен талқылауларға қатысады. Мұндай өзара әрекеттесу жергілікті жерлердегі мүдделерді ескеруге мүмкіндік береді және инфрақұрылымды жақсарту, кәсіпкерлікті қолдау, экологияны, туризмді дамыту және басқа да салалар бойынша бағдарламаларды тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді. Депутаттар арасындағы тұрақты кездесулер мен кеңестер күш-жігерді үйлестіруге, аймақтың саясаттың өзекті мәселелерін талқылауға, сондай-ақ Алматының әлеуметтік-экономикалық өсуіне ықпал ететін бастамаларды ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қала әкімі Ерболат Досаевтың бастамасымен және Парламенттің екі Палатасы депутаттарының қолдауымен Алматы Мәслихатына ерекше мәртебе аясында көптеген функциялар берілді. Біз, жергілікті өкілді орган ретінде, атмосфералық ауаны қорғау және құрылыс ережелерін, қалдықтарды басқару ережелерін бекіту және тұрғын үйді жаңарту бағдарламасын мақұлдау бойынша өкілеттіктерге ие болдық. Бұл Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың II республикалық Мәслихат депутаттары форумында айтқан көзқарасына толық сәйкес келеді, онда ол мәслихаттар мен әкімдердің тығыз үйлестіруінің маңыздылығын атап өтті. Президент Мәслихаттар жаңа буын қоғамдық саясаткерлерді қалыптастыру алаңына айналуын айтты. Сонымен бірге, депутаттар азаматтардың өтініштерімен белсенді жұмыс істеп, жергілікті атқарушы органдармен өзара әрекеттесу үшін өз өкілеттіктерін тиімді пайдалануы қажет.

Халықаралық ынтымақтастық

Алматы қаласының Мәслихаты халықаралық байланыстарды нығайту және озық әлемдік тәжірибелерді тарту бойынша да белсенді жұмыс істейді. Соңғы жылдары депутаттар халықаралық форумдар мен конференцияларға қатысып, тәжірибе алмасуда белсенділік танытуда, бұл қалаға қалалық басқару, экология, денсаулық сақтау және көлік салаларындағы озық тәжірибелерді игеруге мүмкіндік береді.

Мысалы, Финляндияға сапар аясында біз қалдықтарды өңдеу және қайта өңдеу жүйесін зерттеп, Алматыдағы қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту бойынша ұсыныстар жасадық. Финляндия тәжірибесі қалдықтарды басқару ережелерін бекіту кезінде ескерілетінін атап өткім келеді. Оңтүстік Кореяда біздің делегация «ақылды» қалалар және көлік жүйелерін басқаруға арналған IT-шешімдер саласындағы соңғы технологиялармен танысты. Бұл білім мен тәжірибе Алматыға енгізіліп, қаланың инновациялық әрі халықаралық аренада бәсекеге қабілетті болуына ықпал етуде.

Болашаққа үмітпен қараймыз

2024 жылы Алматы қаласының Мәслихаты өзін 30 жылдық мерейтойын атап өтеді. Бұл оқиға тек біздің өкілдік орган үшін ғана емес, сонымен қатар Алматының өркендеуі мен дамуына өз үлестерін қосқан барлық тұрғындар үшін маңызды. Үш онжылдықты бойы Мәслихат қаланың игілігі үшін жұмыс істеп, азаматтардың мүдделерін қорғап, даму жобаларын іске асырып, демократиялық институттарды нығайтып келеді.

Әрбір депутат қаланың дамуына өзіндік үлесін қосты. Олардың әрбір шешімінің, әрбір бастамасының артында қала тұрғындарының мүдделері тұр. Олар қаланы абаттандырудан бастап, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, инфрақұрылымды жақсарту, мегаполистің экологиясы мен экономикасын дамыту сияқты әртүрлі мәселелерді шешумен айналысты. Осы жылдар ішінде іске асырылған көптеген бағдарламалар мен жобалар ұжымдық жұмыстың және әрбір депутаттың өз сыйлаушылары алдындағы жауапкершілігінің нәтижесі болды.

Бүгін, құрылғанына 30 жыл толғаннан кейін, депутаттар өздерінің маңызды миссияларын – азаматтармен тығыз диалог жүргізуді, қаланың негізгі мәселелерін шешуді және Алматының тұрақты өсу мен өркендеу жолымен дамуын қамтамасыз етуді жалғастыруда.

Республика күнін және Мәслихаттың 30 жылдығын атап өте отырып, біз қол жеткізген жетістіктерімізді ғана емес, болашаққа үмітпен қараймыз. Бұл оқиғалар бізді жаңа жетістіктерге шабыттандырып, қоғамдағы бірлік пен өзара түсіністікті нығайтады. Қазақстан өзінің үлкен жолын жалғастыруда, сондықтан әрбір азаматтың осы үдерістің бір бөлігі екенін сезінуі маңызды.



ӘКІМ



ЗАМАНАУИ БІЛІМ ОРДАСЫ

Алматыда Республика күніне орай
№138 мектептің күрделі жөндеуі аяқталды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Бостандық ауданы «Көктем-1» шағынауданындағы жөндеуден өткен №138 мектепті көріп шықты. 1989 жылы салынған ғимараттың конструкциясының сенімділігін техникалық тексеру нәтижесінде қала әкімі мектепті сейсмикалық нығайту мен күрделі жөндеуден өткізу жөнінде тапсырма берді.

Мердігерлік ұйымның жұмысы 2023 жылдың желтоқсанында басталып, биыл қазан айының соңында аяқталды. Реконструкция жобасында ғимараттың жүктемесін көтеруші құрылымын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Жобада қасбет пен шатырды жөндеу, инженерлік жүйелерді ауыстыру және ғимараттың ішкі әрлеуі қарастырылған.

Оқу орны биология, робототехника, информатика, химия пәндеріне арналған интерактивті тақталар мен планшеттермен жабдықталған

кабинеттермен қамтылған. Сонымен қатар, заманауи стандарттарға сәйкес екі спорт және акт залы жабдықталған. Футбол алаңы мен спорт алаңы жаңартылды. Мектепте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау камералары мен бет-әлпетті тану мүмкіндігі бар турикеттер орнатылған. Мектепте 797 бала мемлекеттік тілде оқитын болады.

Шаһар басшысы Ерболат Досаев білім басқармасының басшысы мен мектеп әкімшілігіне мек-

тепті II тоқсанның басына дейін Kitap.kz цифрлық кітапханасына қосу жөнінде тапсырма берді. Бұл кітапхана оқушыларға электронды және аудио форматтағы 6000-нан астам көркем әдебиет шығармасына қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, аудан әкімдігіне мектепке жақын аумақтың санитарлық жағдайын қамтамасыз ету жүктелді.

Айта кету керек, оқушылардың орны тапшылығын қысқарту мақсатында қалада бүгінгі таңда «Зерделі» шағынауданында 550 орынды мектеп, әртүрлі аудандарда 5 қосымша құрылыс, сондай-ақ 6 мектептің күрделі жөндеуі мен реконструкциясы жүргізілуде. Бұған қоса, мегаполисте «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 21 нысанның құрылысын жүргізу жалғасуда. Еске салсақ, қаладағы алғашқы «Жайлы мектеп» биыл қыркүйек айында ашылды.

БРИФИНГ

Алматының Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі баспасөз іс-шарасында жастар ұйымдарының өкілдері мен қоғам қайраткерлері Республика күнінің тарихи маңыздылығын және оның Қазақстандағы патриотизм мен азаматтық белсенділіктің дамуына әсерін талқылады. Спикерлер бұл мереке ұлттық бірліктің символы және елдің тұрақты болашағының негізі екенін атап өтті.

ҰЛТТЫҚ БІРЛІК СИМВОЛЫ

Республика күнінің тәрбиелік мәні неде?

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Ассамблея жастары» РҚҰ мүшесі және Қазақстан ұйғыр жастары одағының төрағасы Рустам Қайриев Республика күні жастар арасында патриотизмді тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын айтты.

«Бұл – еліміздің тәуелсіздігіне жасалған үлкен қадам және мерекеге мемлекет мәртебесін қайтару дұрыс шешім болды. Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншіліктің негізі. Өз еліне деген шынайы сүйіспеншіліксіз реформалар мен даму тиімсіз болуы мүмкін. Сондықтан біз жастар Қазақстанның дамуына әсер етіп, онымен бірге өсуі үшін «Болашақтың топ 50 кәсібі» жобасы сияқты кәсіптік бағдарлау бастамаларын қоса алғанда, акциялар мен жобаларды іске қосамыз», – деді ол.

Брифингке қоғам қайраткері және Alash School мектебінің негізін қалаушы Алина Кан да қатысты. Ол мерекенің азаматтарда патриотизм сезімін қалып-

тастыру үшін маңыздылығына назар аударды.

«Республика күні туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін оятуы керек. Біз жүзден астам ұлтты біріктіретін елде өмір сүріп жатырмыз және бәрімізді бір – Қазақстан Республикасы біріктіреді. Әр адам ата-бабаларының тарихын білуі керек және бұл байлықты келесі ұрпаққа беру керек екенін түсінуі керек», – деді ол.

Алматының «Жастар рухы» Жастар қанатының төрағасы Әкежан Кенесов мерекенің тарихи тамырларын еске салып, оны мерекелеуге азаматтардың белсенді қатысуының маңыздылығын атап өтті.

«1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-нің Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация қабылданды, бұл тәуелсіздікке маңызды қадам болды. Біз қала тұрғындарын үйлер мен ғимараттарға мемлекеттік туды ілуге шақыра отырып, «Менің туым, менің мақтанышым» акциясын бастадық. Бұл біздің ел үшін мақтанышымызды білдіреді және ұлттық рәміздердің маңыздылығын еске салады», – деді спикер.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Алматы қаласының сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасында көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру барысында мегаполистің әлеуметтік маңызды салаларындағы жең ұшынан жалғасқан біраз деректі анықтады. Бұл туралы Алматы қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Арман Рахимов Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында хабарлады.

ЖЕҢ ҰШЫНАН
ЖАЛҒАСҚАНәрекеттерді әшкерелеуге атсалысқандарға
ақшалай сыйақы беріледіНұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижесінде жұмыс орындарын субсидиялауға бөлінген 385 млн теңге көлеміндегі артық қаражатты қайтару іс-шаралары қабылданды. Ал мегаполисте жол салумен айналысатын мердігер ұйымдардың қызметін талдау барысында салық салу бойынша 4 млрд теңгеден астам бұзушылықтар анықталып, мемлекетке 1,3 млрд теңге залал келтірілгені белгілі болды.

Сонымен қатар, былтыр жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау ұсыныстарын орындау аясында заңсыз құрылысқа мониторинг жүргізу жұмыстары да жалғасуда. Мәселен, Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп, нормативтік талаптарды бұза отырып салынған 60 құрылыс анықталған.

«Саин көшесін Рысқұлов данғылынан Ақын Сара көшесіне

дейінгі аралықта жалғастыру» жобасы бойынша жұмыстардың құны асыра көрсетілгені белгілі болды. Қабылданған іс-шаралар нәтижесінде жоба түзетіліп, 1 млрд теңгеден астам бюджет қаражаты мемлекетке қайтарылды.

– Департамент мемлекеттік сатып алулар порталында бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалыуына жол бермеу мақсатында тұрақты мониторинг жүргізіп отырады. Биылғы жыл басынан бері мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастырушыларға хаттар жіберу арқылы осы салада 4,1 млрд теңге үнемделді. «Бизнеске жол» жобасы аясында 12 бизнес субъектісінің мәселесі шешіліп, 165 кәсіпкердің құқығы қорғалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру аясында 13 мыңнан астам адамды қамтыған 141 түрлі іс-шара өтті. Былтырдан бері агенттік «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасын жүзеге асыруда. Бұл жобаға Алматы қаласында 256 ерікті қосылды. Биыл волонтерлардың күшімен бюджеттің 2,3 млрд теңгеден астам қаражатының тиімсіз пайдалану жолы кесілді, – дейді спикер.

ІС-ШАРА

«ҮШ БӘЙТЕРЕК» ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Рая
ЕСКЕНДІР

«Үш бәйтерек» байқауы қазақ әдебиетінің негізін салушылар мен көрнекті өкілдерінің шығармаларын насихаттау, өскелең ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Үш кезеңді қамтыған байқаудың I кезеңінде мектеп оқушылары эссе жазу мен II кезеңінде әдеби оқулар байқауына қатысып, бақ сынады.

Қорытынды үшінші кезеңде жас ғалымдар, филолог, сарапшылар,

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

қорғалуы тиіс

«Әлеуметтік қызмет көрсету үйінің» мәжіліс залында Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылар құқығын қорғау департаменті мен Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қоры «Қазақстан Республикасындағы тұтынушылар құқығы» тақырыбында «Дөңгелек үстел» үрдісіндегі жиын өткізді.

Айнабай
МӘДИ

Айтпағымыз, аталған шара «Тұтынушылар құқығын қорғау саласында азаматтарды оқыту және ақпараттандыру» жобасының қорытындысын талқылауға арналған. Жиынға уәкілетті, құзырлы органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ), бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен басқа да мүдделі тараптар қатысты. Басқосуда «Елімізде тұтынушылар құқығы қалай қорғалған? Тұтынушы құқығын қорғайтын қандай құқықтық-нормативтік актілер бар? Олар тұтынушыларға қан-

дай мүмкіндіктер береді?» деген тәрізді көптеген сауал кеңінен талқыланып, оған мамандар тиісінше жауап берді.

«Мәселен, сауда саласында 14 күндік мүмкіндік бар. Осы мерзім аралығында әлгі заттың түбіртегімен, сондай-ақ сол заттың бұзылмауы, бүлінбеуі секілді талаптар сақталуы тиіс. Өзге елдер өндірген тауарларды қолданып, қызметтерін пайдаланудамыз. Сол себептен, тұтынушылар құқығын дамыту қажет. Мұны одан әрмен жалғастыра отырып, жаңа ерекшеліктерді енгізу керек», – дейді жиынға қатысқан құқық қорғаушы Ғалия Сарғожаева.

Шыны керек, біздің отандастары-

ақын-жазушылар мен БАҚ өкілдері «Дөңгелек үстел» басына жиналып, айтулы тұлғалардың шығармаларының зерттелуі, оқу ордаларында оқытылуы туралы ойларын ортаға салды. Сондай-ақ, жастарға ғылыми, шығармашылық бағыт-бағдар берді.

Байқауға қатысушылардың пікірінше, Сәкен, Илияс, Бейімбет сынды қоғам қайраткерлерінің күреске толы өмірі мен еңбектері олардың таным дүниелерін кеңейткен көрінеді. Болашақта ізденіп, арыстардың шығармаларын зерттеуге бет бұрғылар келетінін жеткізді.

мыз күнделікті тыныс-тіршілігіне байланысты қаншама қызметті пайдаланады. Ішіп-жемді айтпағанда, теміржол, әуежолы, т.б. толып жатқан қызметтерді пайдаланады. Азаматтарымыз күн сайын өзінің әрбір пайдаланған ақы төлеген қызметіне орай, тұтынушылық құқығын білу керек.

«Біздің өміріміздің негізгі бөлігі тұтынудан тұрады. Тұтынушылар қарапайым қағиданы есте сақтамай, сатып алған тауарын бүлдіріп алып, соңынан өткізерде дауласып жататын шақ аз емес. Біздің департамент осындай мәселелерді дер кезінде жұртшылыққа түсіндіру шараларын өткізіп келеді. Осы тұрғыда әкімдікпен, қоғамдық ұйымдармен бірге біраз шаруа атқарылуда. Тұтынушы құқығы бұзылған жағдайда сатып алған дүниесін сатушыға, ол өнімді дайындаушыға не қызмет көрсетуші мекемеге жүгінуі тиіс. Тиісті талаптар сақталынып, шағым жазбаша түрде жүргізіледі. Алда-жалда шағым нәтижесіз қалдырылса, тұтынушы біздің департаментке жолығуына болады», – дейді Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылар құқығын қорғау департаменті басшысының орынбасары Нұрлан Әбдиев.



КОНГРЕСС

ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛАР жаһандық мәселелерді талқылады

Алматыда 22-23 қазанда «Қазіргі әлемдегі бірегейлік мәселелері: әлеуметтанулық өлшем» тақырыбында түркітілдес елдер әлеуметтанушыларының қатысуымен Қазақстан әлеуметтанушыларының кезекті VIII Конгресі өтті. Аталмыш іс-шараны Қазақстан әлеуметтанушылар қауымдастығы ұйымдастырды. 2002 жылы құрылған социогуманитарлық бағыттағы кәсіби бірлестік 2003 жылдан бастап Халықаралық әлеуметтанулық қауымдастығының тұрақты мүшесі болды. Конгресс қатысушыларына ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаев пен Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаева құттықтау жолдады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазақстан әлеуметтанушылар қауымдастығы ҚОҚ президенті, Түркітілдес елдер әлеуметтанушылары одағының президенті, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор М.М.Тәжиннің басшылығымен өз алаңында жетекші ғалымдар мен сарапшыларды жинап, үш жыл сайын әлеуметтік ғылымдардың әртүрлі салалары арасында деректермен, әдістермен және теориялармен алмасу мақсатында жұмыс жүргізіп келеді. Мұндай тәжірибе қоғамдағы күрделі

құбылыстарды, соның ішінде биылғы жылы талқыланатын басты тақырыптардың бірі – бірегейлік мәселесін тұтас әрі тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Өйткені, бірегейлік ұғымы бүгінде әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы танымал санаттардың біріне айналды. Бірегейлікті әлеуметтанушылар, психологтар, филологтар, мәдениеттанушылар, тарихшылар, тілтанушылар, экономистер, тіпті маркетингтердің өздері де зерттей бастады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылдың 17 маусымында Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында ұлттық бірегейлікті нығайту, нақты мәдени және тарихи бірегейлік туралы айтқан болатын. Жалпы, алғашқы Конгрестен бастап-ақ форумдардың мазмұнды және ауқымды бағдарламалары қатысушыларға тек практикалық дағдыны ғана емес, сонымен қатар жаңа зерттеу идеяларын ұсынып,

олардың кәсіби байланыс желісін де байытып келеді.

Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығының тарапынан сол ұйым президенттері, вице-президенттері мен атқарушы комитеті мүшелерінің тұрақты түрде өкілдік етуі Қазақстан әлеуметтанушылары қауымдастығының беделі мен аймақтағы рөлін айқын көрсетеді. Ол отандық әлеуметтанушыларға әлемдегі әлеуметтану ғылымының заманауи жетістіктері мен жаңа даму үлгілерінен хабардар болып, оларды қазіргі қазақстандық әлеуметтану ғылымы мен тәжірибесіне қолдануға мүмкіндік береді.

Профессор Жан Мари Фриц өзінің құттықтау сөзінде Халықаралық әлеуметтану қауымдастығын (ISA) сол ұйымның президенті, профессор Джеффри Плейерстің атынан өкілдік етіп сөйлей отырып, Халықаралық әлеуметтану қауымдастығы Қазақстан әлеуметтанушылар қауымдасты-

ғының өзінің 85 ұлттық қауымдастығының бірі екеніне өте мақтанатынын атап өтті.

Сонымен, түркітілдес елдер әлеуметтанушылары одағының президенті болып М.Тажин қайта сайланды, ал вице-президенттер ретінде Хаяти Туфекчиоглу (Түркия), С.Т.Сейдуманов (Қазақстан), Г.Т.Галиев (Башқұртстан) қайта сайланды. Жаңа вице-президенттер ретінде Н.Х.Рахимова (Өзбекстан) мен Н.А.Омуралиев (Қырғызстан) сайланды.

Түркітілдес елдер әлеуметтанушыларының өткізілген сегіз Конгресінің үшеуі Қазақстан әлеуметтанушылары қауымдастығымен Алматы қаласында өткізілсе, Қазақстан әлеуметтанушыларының келесі IX Конгресін 2027 жылы өткізу жоспарланып отыр. Қазақстан әлеуметтанушылары қауымдастығы өткізіп отырған Конгреске Президент Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Парламенті, салалық министрліктер қолдау көрсетті.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы мен «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық кампаниясы аясында қалада күзгі-қысқы кезеңге дайындық жұмыстары жалғасуда. Жұмыс маусымының аяқталуына байланысты Алматыда қалалық субұрқақтарды консервациялау жұмыстары аяқталды.

ШАҒАР СӘНІ

Субұрқақтардың консервациясы аяқталды

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Субұрқақтарды консервациялау үдерісі оларды өшіруді, жүйелерден суды ағызуды, жабдыктарды бөлшектеуді және оларды арнайы қоймаларға жеткізуді қамтиды. Сақтау орындарында субұрқақтардың конструкциялары тексеріліп, келесі маусымда үздіксіз жұмыс істеуі үшін профилактикалық жөндеуден өтеді.

«Алматы қаласының субұрқақ шаруашылығын күтіп ұстау және техникалық қызмет көрсету ережелеріне» сәйкес, субұрқақтардың жұмыс маусымы 1 мамырдан 1 қазанға дейін жалғасады. Алматының коммуналдық меншігін-

де барлығы 65 субұрқақ бар, олардың әрқайсысы қысқы кезеңге мұқият дайындықтан өтеді: мамандар жабдықты диагностикадан өткізеді, сүзгілер мен құбырларды тазартады, тозған бөлшектерді жөндеп, ауыстырады.

Естеріңізге сала кетейік, «Алматы – біздің ортақ үйіміз» күзгі кампаниясы аясында қала аумағын тазарту, өзен арналарын тазалау және қалалық инфрақұрылымды жақсарту бойынша белсенді жұмыс жалғасуда. Іс-шаралар азаматтардың экологиялық жауапкершілігін арттыруға, қалалық инфрақұрылымды қысқы жағдайға дайындауға және қала тұрғындары мен қонақтарының жайлы өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған.

КӨРМЕ

САУДА-САТТЫҚ НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Алматыда Ауғанстан өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылды. Оған қазақ-ауған бизнес өкілдері қатынасып, өз өнімдерін қойды.

Ауғанстандық зергерлік бұйымдар – бұл ежелгі өнердің үлгісі. Онда шеберлік, дәстүр мен халықтың мәдениеті асасады. Бүгінде ауған зергерлері өз ата-бабаларының рухымен жұмыс істеп, әлемнің түкпір-түкпірінде адамдардың жүрегін жаулайтын әшекейлерді жасайды.

Негізгі материалдар – алтын, күміс және мыс. Ауған зергерлерінің айрықша ерекшелігі – ел аумағында өндірілетін табиғи асыл тастарды қолдану. Бадахшан провинциясынан алынған лазурит әлемдегі ең жақсы деп саналады. Ал Ауған изумрудтары мен рубиндері өзінің тазалығы және түсінің қанықтылығымен танымал. Көптеген

әшекей бұйымдар қолмен жасалады, және әрбір зергер бұйымның күрделілігіне байланысты бір айdan бірнеше айға дейін уақыт жұмсайды.

Ауғанстан жыл сайын шамамен 10 тонна зергерлік бұйымдар шығарады. Оның басым бөлігі экспортталады. Негізгі нарықтар – Таяу Шығыс, Еуропа, АҚШ және Қытай елдері. 2023 жылы зергерлік бұйымдардың экспорты шамамен 120 миллион АҚШ долларын құрады. Бұл бірегей ауған тастарымен безендірілген қолөнер бұйымдарына деген сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді. Көрмеде лапис-лазурь, турмалин, нефрит, гагат, сапфир, зумрут және басқа да бағалы және жартылай бағалы тастардан жасалған әшекейлер ұсынылды.

«Қазақстан мен Ауғанстан арасында сауда-саттық артып келеді. Көрмеде қолөнер және зергерлік бұйым, кілем, көкөніс пен жемістер, құрылыс материалдары, былғары өнімдері қойылған. Алматыға 150 бизнес қоғамының өкілдері келді. Бұл бизнес сауданың дамуына жоғары қызығушылық

пен нығайтудың жоғары деңгейін көрсетеді, – деді ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғарин.

Екі ел арасындағы сауда-саттық, кәсіп саласы жандану үстінде. Бұл жайында Қазақстан сауда палатасының аймақтық өкілі Арман Есентаев сөз сөйледі.

«Екі жақты сауда ынтымақтас-тықты дамытуға үлес қосып, сауда-саттықты дамытып, екі ел арасындағы әлеуметтік, мәдени ықпалдастықты арттырып келеді. Қос тарап та бизнес қарым-қатынасына белсенді атсалысып жатыр, – деді ол.

Сонымен қатар, сауда ынтымақтас-тықты одан әрі дамыту бағытында ой айтылды.

«Бұл көрменің мән-мағынасы зор. Өз кезегінде елдеріміз арасындағы сауда қатынастарының одан ары қарқын алуына пайдасын тигізеді. Сондай-ақ, жеке сектордың өркендеуіне мүмкіндік береді», – деді Ауғанстан бизнес өкілі Нұрахмат Нури.

О.МҰРАТБЕКҰЛЫ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ДРОНДАР ШОУЫН ТАМАШАЛАҢЫЗДАР

Республика күнін мерекелеу аясында 25 қазанда, сағат 20.00-де Көктөбе телемұнарасында мерекелік сәулеттік жарықтандыру қосылады. Ал сағат 21.00-де Абай алаңында және 21.30-да «Астана» алаңында дрондар шоуы өтеді.

Естеріңізге сала кетейік, телемұнараның жарықтандыру жүйесі 30 тамызда іске қосылып, Алматының жаңартылған сәулеттік жарықтандыру элементтерінің біріне айналды. Ал дрондар шарасында қала тұрғындары мен қонақтары үшін таңғажайып көрініс ұсынылады. Шоу шамамен 20 минутқа созылып, Алматының аспаны жарқыраған тамаша қойлымға айналады. Дрондар шоуының ұйымдастырушылары 500-ден астам дронды аспанға ұшырып, ұлттық мәдениет элементтері мен ел тарихындағы маңызды сәттерді бейнелейтін визуалды 3D бейнелерін жасайтын ерекше бағдарлама дайындаған. Дрондар шоуы мерекені тойлаудың инновациялық тәсілі. Шоу қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылған.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



САРАПТАМА

Таяу Шығыс: ИЗРАИЛЬДІҢ КӨЗДЕГЕНІ НЕ?

Айнымалы әлемде өткен аптада тағы да қым-қуыт оқиғалар көп болды. Жұрт назары Шығыс Еуропа мен Таяу Шығысқа ауып тұрған шақта Шығыстан да ши шықты. Алақандай ғана Корея түбегіндегі екі елдің арасы алатындай тағы бүлінді. Әлемнің саяси картасында мұндай қызу нүктелердің барған сайын көбеюі кісі көңіліне жаһандық соғыс қаупін елестетпей қоймайды. Оңтүстік және Солтүстік Корея арасы 70 жылдан аса соғыс күйінде тұрғандықтан, мынадай тұрақсыз кезеңде шиеленістің күшейе қалуы соншалықты таңқаларлық іс те емес. Егер әлемдегі барлық оқиғаны масштабты бір оқиға деп қарасак, олардың қай-қайсының байыбына тереңдей көз жүгірту маңызды екенін білеміз. Сөйтсе де, біз назарымызды тағы да Таяу Шығысқа аудармақпыз. Израиль төңірегінде болып жатқан оқиғалар түптің түбінде жаңа жаһандық жағдайға өзінше салмақты әсер берері анық.

Таяу Шығысқа бізді мына бір салмақты сауалдар бастап барады: Израильдің түпкілікті көздегені не? Аймақтағы жасырын және шешуші күштер кімдер? Кімге, не жетпейді? Бұл қатарлы сұрақтарды қаузағанда біз әр кездегі оқиғаларды жеке-жеке пайымдағаннан гөрі жалпы үрдісті ауқымды түрде байыптаудың тура шешімге бастайтынын байқаймыз. (Әу баста айта кеткен жөн, бұл мақалада біз қандай да бір елдің іс-әрекетін айыптаудан аулақпыз. Керісінше, жалпы үрдістің мәніне көз жүгіртуге тырысамыз).

Ешбір себеп қатыгездікті ақтай алмайды

1947 жылдан бері Израиль мемлекеті өзінің ұлттық мүддесін ұдайы алға жылжытып келе жатыр. Аймақта жана бір еврей мемлекеті пайда болғаннан бергі олардың іс-қимылына қарайтын болсақ, мысқылдап шегініп, аршындап алға басқанын көре аламыз. Мәселе ұлттық мүддеге келіп тірелген кездің бәрінде Израиль тарабы шегініс жасаған емес. Ал әлемде терроризм мәселесі алға шыққан кезде де бұл ел өзінің позициясын батыл алға шығарды. Яғни ешбір террорлық ұйыммен келісімге келмейтін, өзіне қауіп төндірген жағдайда тек күшпен жауап беретін позициясын көрсетті. Өзіне қарсы аймақ елдеріне де ешқашан ымырасыз ұстанымын танытты. Енді міне, ұлттық мүддесін алға жылжытудың жаңа бір кезеңіне қадам басып, кез келген қауіпті түбірімен жұлып тастауға ұмтылатынын байқатып отыр.

Қанша жерден ұлттық мүдде және қауіпсіздік мәселелерін көлденең тартса да, Израильдің қазіргі іс-қимыл тәсілін ақтау қиын. Себебі, мәселе он мыңдаған адамның өмірін қиған әскери әрекеттердің асқан қатыгездігінде. Оның үстіне, миллиондаған адам өмір сүріп келген Газа секторы бұл күнде «ит байласа тұрмайтын» жерге айналды. Өткенде ғана БҰҰ тарабы Газадағы құрылыстардың 80 пайыздан астамы кемінде жартылай бүлінгенін, жартысынан көбі түгелдей жарамсыз күйде екенін мәлімдеген еді. Әсіресе, Газаның солтүстік аумағы түгелдей үйіндіге айналды десе болады. ЦАХАЛ мен ХАМАС-тың мақсат-мұратын бір шетке қайырып қойып, осы бір тұрғыдан алып қарасак, бұл дегеніміз – шегіне жеткен басып-жаншу әрекеті. Израильдің әскери іс-қимылы шектен де шығып, халықаралық қауымдастықтың гуманитарлық қызметіне де тосқауыл келтірді, тіпті БҰҰ-ның қауіпсіздік күштеріне қарсы оқ атуға да барды. Кез келген елдің өзін қорғау құқығы бар десек те, тап осы әрекеттері халықаралық қауымдастық пен оның



миссиясына үміт артқан өзге елдер үшін ақтауға келмейтін жәйттер.

Агрессия астарындағы мақсат

Былтыр 7 қазанда ХАМАС Израиль территориясына басып кіріп, мыңнан аса адамды өлтірді, көптеген адамды барымтаға алды. Әлбетте, өз халқын қорғауға уәде берген мемлекет үшін бұл ауқымды әскери операция жасауға толық себеп түзіп бере алды. Газаға бағытталған әуе, құрлық және су үсті шабуылдары Израиль үшін нәтижелі болды. Ұйымның бұрынғы басшысының, өзге де жетекшілерінің көзін кезегімен жойды. Израильге соғыс ашқан ұйымды қолдаған



«Хезболла» ұйымына да сондай жауап қатты. Өзіне қарсы қауіпті түбегейлі жою үшін қос бағытта, бірнеше майданда қатар соғысуына тура келді.

Дегенмен, қарап отырсақ, осы әскери әрекеттермен бір уақытта Израильдің Шығыс Иерусалимдегі және Батыс Жиектегі отарлық әрекеттерінің де қатар алға жылжығанын көре аламыз. Тіпті, атысты тоқтату бойынша келіссөз шарттарының өзінде Газаны әскери бақылауға алу талаптарында батыл тұрып алды. Бұған қоса, солтүстік шекара маңындағы өз тұрғындарын үйлеріне қайтару деген мақсатпен Ливанға құрлықтағы әскери операциясын бастады. Ал үш бірдей сенім өкілдері үшін киелі мекен саналатын Иерусалим қаласында көп жылдан бері талас-тартыс өршіп келеді. Қазір әл-Акса мешіті жарым-жартылай еврейлердің бақылауында. Болашақта ол арада мұсылмандар құлшылық ету мүмкіндігінен айырылуы мүмкін.

Ел премьері Беньямин Нетаньяхудің: «Израильге шабуыл жасағандарға шабуыл жасаймыз, бізге қол салғандарды жоямыз» деген мәлімдемесі және барлық әрекеттері бүгінгі Тель-Авивтің өзінің қарсыластарына ымырасыз соғыс ашқанын көрсетеді. Барлық оқиғалардың жиынтығынан біз Израильдің өзіне қарсы күштердің әрекетіне жауап қыла отырып, енді бір жағынан Палестина жерлеріне деген ірге кеңейтуін жүйелі түрде жүзеге асырып жатқанын көре аламыз.

Аймақтағы ойын

Соғыс картиналарын тұтас Таяу Шығыс аймағы тұрғысынан қарастырғанда біз Израильдің Иранмен «аймақты бақылау құқығына» деген кескілескен шайқасын көре аламыз. Дау жоқ, Иран көп жылдан бері Орта, Таяу Шығыс аумағында өзінің ықпалды ойыншы, аймақтық держава екенін көрсетіп келеді. Әлемдегі энергетика нарығы тұрғысынан маңызды бұл аймақта жергілікті ойыншының дегені болып тұруы жаһандық ірі державалар және бүгінгі халықаралық тәртіптің негізгі бақылаушылары АҚШ пен Британия үшін тиімсіз. Сол үшін «Бес көз елдері» аймақтағы араб елдеріне белгілі деңгейде қолдау көрсетіп келген. Сауд Арабиясын берген басымдықтар кезінде тіпті аты мәшһүр адам құқығы да ескерусіз қалып жататын кездері көп. Сауд Арабиясын аймақтағы Иранға қарсы балама ойыншы етіп көтеру жобасы белгілі деңгейде сәтсіздікке ұшырағанын байқадық. Иран өзінің ислам әлемінде ешбір елді місе тұтпайтынын барлық іс-әрекеттерімен байқатты. Эр-Рияд бір ғана Йемен Хуситтеріне тұрыстық беруде әлсіздік танытты. Ендігі жерде басты күш ретінде Израильдің түбегейлі орнығуы маңызды бола түскендей.

Бұл шындап келгенде, Израиль мен Иран арасындағы қазіргі қайшылықтың негізгі себебі. Мәселе Шығанақтағы мұнай тасымалына қоса, аймақтан өтетін энергетика және сауда дәліздеріне бақылау орнатуда. Көп уақыттан бері Иран Израиль төңірегіндегі Ирак, Сирия, Ливан және Палестинаның кейбір аумақтарында өзі қолдаған күштер арқылы ықпалының зор екенін аңғартып келді. Егер саяси картаға үңілсек, бұл аталған елдер аймақтың Жерорта теңізіне шығатын негізгі қақпалары екенін көреміз. Орта-Таяу Шығыс пен Жерорта теңізі қазіргі әлемнің қайнап жатқан қан тамыры. Бұл аймақтағы ықпалға деген бәсеке тура мәнінде әлемдік үстемдікке деген бәсеке. Осының бәрін жинақтайтын болсақ, Израильдің түп мақсаты аймақта бақылауды күшейту. Ал оны қолдаған АҚШ сынды ірі державалардың көздегені де Израиль қолымен өңірдегі тоғыз жолдың торабында өз мүддесін алға жылжыту екенін білеміз. Бұл ойымызды отандық өзге сарапшылар да қолдайтындай. Израиль төңірегіндегі өзге де түйінді «Тақырыпқа орай» айдары арқылы сарапшы пікірімен тарқатайық.



Естай БОЖАН,
сарапшы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрат ІЛИЯС,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Шығыстану факультетінің аға оқытушысы:

НЕГІЗГІ МАҚСАТ – АЙМАҚТА БАҚЫЛАУШЫ БОЛУ

Израильдің түбірлі мақсаттары туралы айтқанда, діни сенімдеріне қатысты ойланбай болмайды. Яғни еврейлер өздерінің аңызы бойынша Тигр өзенінің батыс жағалауынан қазіргі Иерусалим жеріне дейінгі аумақты Құдай бізге уәде еткен деп есептейді. Міне, осы «Уәде етілген жерлер» деген сенім көп нәрсені түсіндіреді. Әрі көпке мәлім, өңірдегі арабтармен діни сенім бойынша да үлкен айырмашылықтар, қайшылықтар бар.

Ал енді діни сенім мен мифтерді былай қоя тұрып, қазіргі мақсаттарына келер болсақ, Израильдің аймаққа бақылаушы болуға деген ұмтылысын байқаймыз. Тарата айтқанда, өзіне қарсы араб елдерін әлсірету, Иранды әлсірету, олардың стратегиялық күшті қару-жараққа қол жеткізуіне мүмкіндік бермеу. Ең басты мақсаттарының бірі – болашақта Иерусалимді саяси орталыққа айналдыру. Иерусалимді толық өзіне қаратса, бұл діни туризмде де үлкен табыс алып келетін орталық болмақ. Онымен бірге Сирия сынды іргелес елдерге де терең әсер етуге қол жеткізгісі келеді.

Мұның бәрінің астарынан Британия мен АҚШ-тың мүдделерін де көре аламыз. Былайша айтсақ, өздеріне балама күш орталықтарының Сирия арқылы Жерорта теңізіне шығатын жолдарына тосқауыл қойып, үш материк арасындағы қыруар сауда ағынына бақылау мүмкіндігін алу. Жерорта теңізіне бақылау орнату деген сөз жалпы әлемге бақылау орнатумен пара-пар, яғни ондағы сауда ағыны, энергетика тасымалы дүние жүзі экономикасында маңызды орынды ұстайды. Қазірдің өзінде Оңтүстік Кипрде ағылшын теңіз күштері, АҚШ-тың әуе тасымалдаушы кемесі тұр дегендей. Қорыта айтқанда, Израильдің негізгі мақсаты – сол аймақта бақылаушы болу.





САРАПТАМА

МЕМЛЕКЕТТІЛІК НЫШАНЫ

25 қазан – елдігіміздің негізі қаланған тарихи дата

XX ғасырда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты – Қазақстан Республикасының егемендігі туралы декларациясын 1990 жылғы 25 қазанда №307-ХІІ Жарлығымен қабылдады. Бұл Декларацияның стратегиялық және символикалық тұрғыда мәні зор. Себебі, құжатта алғаш рет еліміз халықаралық аренада, тәуелсіз және егеменді халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде жарияланды. Қазақстан халқы республиканың негізгі билік көзі ретінде анықталған еді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Республика күні жыл сайын 25 қазанда аталып өте бастады. 1995 жылы 18 қазанда алғаш рет ұлттық мереке болып жарияланды. Алайда, 2001 жылы бұл мәртебе мемлекеттік мереке санатына ауысты. Республика күні 2009 жылы мереке статусынан айырылды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы 16 маусымда өткен Ұлттық Құрылтайдың екінші отырысында «Республика күнін» қайтадан ұлттық мереке күні ретінде жариялады.

Мақаламызда Республика күнінің мәні мен мазмұнын тарқатып көрелік.



Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті

Тәуелсіздікке ұмтылған батыл қадам

Биыл елдігіміздің республика ретінде қалыптасқанына 34 жыл, аталмыш мерекенің мемлекеттік деңгейде аталып өтіп жатқанына 2 жыл толып отыр. Дархан даламызда мемлекеттілігіміздің тарихы әсілінде тереңде жатыр. Ел территориясынан табылған тарихи мұралар мен археологиялық ашылымдар дәлелдегендей, елдігіміздің тарихы сан мыңдаған жылдардан бастау алады.

Мемлекеттік саяси институттардың қалыптасып, азаматтардың ортақ идея аясында бірегей ұлт болып ұйысуында мемлекеттік маңызды даталардың орны ерекше. Ел тарихында 25 қазан күні аталып өтетін республика күні елдігіміздің негізі қаланған тарихи дата. Бүгінде республика күні қарсаңында білім, ғылым, әлеумет, мәдениет, еңбек салаларында қажырлы үлес қосқан азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталып, мерейі үстем болады. ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кинематография және мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы 2022 жылы қабылданып, заңнама аясында мемлекеттік мереке статусына ие болды.

Сонымен, 1990 жылғы Декларацияда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі жарияланып, елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы баяндалды. Ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмай-

тындығы, қазақ халқының және Қазақстандағы басқа да этнос өкілдерінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту – мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде айтылды. Бұл – егемендігін еншілеген еліміздің Тәуелсіздікке ұмтылған батыл қадамы еді.

Конституциялық құрылысқа қарсы жасалатын кез келген күштік әрекеттер оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, ұлт араздығын қоздыратын жария-ұрандар таратқан тұлғалар заң бойынша жазаланатыны ескертілді. Республиканың саяси, экономикалық, әлеуметтік, ұлттық-мәдени құрылысына, оның әкімшілік-аумақтық құрылысына байланысты мәселелер ешкімнің араласуынсыз дербес шешілетіні жарияланды.

Маңызды шешімдер куәгері

Алматы – ел өміріндегі маңызды тарихи шешімдердің куәгері. Сол кезеңде Қазақстанның астанасы болған бас шаһар бүгінде бәріміз үшін ел тәуелсіздігінің бесігі ретінде бағалы. Бабаларымыз сан ғасырлар армандап өткен Азаттығымыздың ақ таңын ең алдымен егемендігімізді, елдігімізді еншілеп, осы қалада қарсы алдық. Тоқсаныншы жылдары Алматыда Үкімет Үйі, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Үйі атымен белгілі болған, бүгінгі таңда Қазақстан–Британ техникалық университетіне айналған ғимаратта 1990 жылғы 25 қазанда еліміздің егемендегі туралы Декларация қабылданды. Аталмыш құжаттың қабылдануы барысында бірнеше айға созылған талқы, әрбір азаматтың елдің болашағы үшін мүддесі мен еңбегі қатар жүрді.

Бүгінгі таңда қала халқы үшін аталмыш тарихи ғимараттар тек оқу ордасы ғана емес, елдігіміздің, бабалар аңсаған тәуелсіздікке басқан алғашқы қадамның бастауы ретінде символикалық мәнге ие ғимаратқа айналған. Сәйкесінше, Республика күні қарсаңында Алматы қаласында ұйымдастырылатын көптеген мәдени іс-шаралар мен патриоттық кештердің, азаматтық бастамалардың мәні мен маңызы ерекше.

сүйгіштік сезімін тәрбиелеу, ұлттық сананы нығайту, елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалардағы жетістіктерін талқылау.

Республика күні мерекесі Қазақстан тарихындағы маңызды сәт – 1990 жылы мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылдануын, одан кейін бұл 1991 жылы толық тәуелсіздікке қол жеткізудің алғашқы қадамдардың бірі.

Сонымен қатар, іс-шараның түпкі мәні мен мағынасы хақында ілкімді ой-пікірлер айтылды.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



(Дереккөз:sovietpostcards.org).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Оразалы СӘБДЕН,
Мемлекет және қоғам қайраткері, академик:

Алға қарай қадам басуды ойлау қажет

Ата-бабаларымыз егемендік үшін аз тер төккен жоқ. Мұның арғы тамыры тереңде. Қазақтың мемлекеттілігінің негізі сонау сақ, ғұн, түркі және т.б. кезеңдерден тамыр тартады.

Жастарға айтарым, ұлттық руханияттан сусындап, жаңа технологияны игеріп, алға қарай қадам басуды ойлау қажет. Сондықтан ақылмен ойланып, ел дамуы үшін берекелі іс қылайық.

Смағұл ЕЛУБАЙ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қаламгер:

Дербестіктің қадірін білейік

Біз арайлап атқан әр таңға, бейбіт кезеңге, «Республика күні» мерекесін тойлап отырғанымызға қуанамыз. Бейбітшілік үшін де күрес керек. Күллі халық болып күресу қажет. Қазақ елі егемендікке оңай жеткен жоқпыз. Осы жолда талай тағдырлы кезеңдер бар. Егемендікті ұстап тұру да оңай шаруа емес. Сондықтан әр адам ел дамуы үшін өз үлесін тигізсе, ел өркендейді. Дербестігіміз мәңгі болсын.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы:

ЗАМАНАУИ БИЛІК бөлінісінің бастауы

2022 жылы, 10 жылдан астам үзілістен кейін еліміз Республика күнін атап өте бастады. Осындай маңызды мерекені қайтарған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың батыл шешімін атап өтпеске болмайды. Саяси өтпелі кезеңде табандылық танытып, халықтың, зиялы қауымның көкейінде жүрген арманды жүзеге асырды. Себебі, 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Егемендік туралы Декларация Қазақстанның тәуелсіздігіне жол ашып берді.

23 қазан күні Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Республика күніне орай салтанатты жиын өтті. Соңғы жылдар Республика күні қарсаңында мұндай жиындар өткізу жақсы әдетке айналды. Жиында сөз сөйлеген Президентіміз еліміздің Егемендігі туралы декларация қабылданған күнді Тәуелсіздігіміздің бастауына балады. Шынында да, Қазақстанның қазіргі заман тарихы жеке зерттеу тақырыбы.

1990 жылы 25 қазанда «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде» Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің қаулысы қабылданды. Оған кеңес төрағасы Ерік Асанбаев қол қойды. Осылайша еліміз үшін маңызды құжат қабылданды. Ол тәуелсіздікке жол ашып берген саяси-құқықтық құжат болып есептеледі. Суверенді мемлекеттіліктің негізгі қағидалары ретінде демократиялық даму, құқықтық мемлекетті қалыптастыру, унитарлылық, аумақтық бөлінбеуі, ұлттық бірегейлікті сақтау бекітілді. Құжатта конституциялық құрылысты күш арқылы бұзуға рұқсат етілмейді делінген. Бұл аталған нормалардың басым көпшілігі кейінгі қабылданған Конституцияларға негіз болды. Осы құжаттың негізінде 1993, 1995 жылғы Ата Заңдарымыз жазылды.

Декларацияның тағы бір ерекшелігі – құжатта өзге билік тармақтарына қарағанда Парламенттің, яғни Жоғарғы Кеңестің ықпалы басым. Республика халқы атынан тек осы билік тармағы ғана әрекет ете алады. Ал президенттік институт декларацияға сүйенсек, қазіргі Премьер-Министр секілді өкілеттіліктерге ие болған. Ал сот билігін Жоғарғы сот жүзеге асырған. Осылайша декларация қабылданған тұста үш билік тармағы келесідей болған: Жоғарғы Кеңес, Президент және Жоғарғы сот.

Уақыт өте келе саяси жүйе трансформацияға ұшырады. Жоғарғы Кеңес таратылып, орнына екі палаталы парламент қалыптасты. Президент институты үш билік тармағынан ажырап, жеке саяси институтқа айналды. Осындай өзгеріс кезеңінде, 2009 жылы Республика күні мемлекеттік мереке тізімінен алынып тасталды. Мұндай мереке 1995 жылдан бері атап өтілетін еді. 2022 жылы Қасым-Жомарт Тоқаев күрделі саяси реформаларды ұсынды. Соның ішінде Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі берілгенін атап өткен жөн.



● ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ҚЫЗМЕТ

ешқашан ұмытылмауы керек, ел жадында сақталуға тиіс

(Басы 1-бетте)

Мемлекет таңдаған даму жолынан ешқашан айнымайды

Президент өз сөзінде болашаққа сеніммен қарайтын ұлт қана табысқа жете алатынына назар аударып, өмір болған соң түрлі қиындық та кездесетініне тоқталды.

– Еліміз таңдаған даму жолынан ешқашан айнымайды. Мұны биылғы табиғи апат кезінде тағы да дәлелдедік. Алапат тасқын, шын мәнінде, еліміз үшін зор сынақ болды. Қаншама елдімекенді қарғын су басты. Қазақстанның 10 аймағында төтенше жағдай жарияланды. Мыңдаған адам баспанасыз қалды, мал-мүлкін жоғалтты. Күрделі сәтте менің халыққа арнайы үндеу жариялағанымды білесіздер. Онда бірде-бір адам ескерусіз қалмайтынын нақты айттым. Мемлекет сол уәдесін орындады. Қысқа мерзім ішінде 2700-ге жуық үй салынды. Баспанасын қалпына келтіру үшін 9 мыңнан астам отбасына өтемақ берілді. Сондай-ақ, 6 мыңға жуық үй сатып алынды. Жаздан бері мыңдаған отбасы қоныс тойын тойлады. Мемлекет бүлінген инфрақұрылымның көпшілігін аз уақытта қалпына келтірді, – деді Президент.

Ұйысқан ұлт, мықты мемлекет болудың басты кепілі

Қасым-Жомарт Тоқаев мұның бәрін қоғамның бірлесе атқарған жұмысының нәтижесі деп бағалап, апат салдарын жоюға атсалысқандарға, әсіресе, құтқарушыларға, еріктілерге, кәсіпкерлерге және басқа да жанашыр азаматтарға алғыс айтты.

– Өзара тілеуестік пен қамқорлықтың арқасында сынақтан сүрінбей өттік. Шын мәнінде, біздің барлық жетістігіміз берекелі бірлік пен ырысты ынтымақтан бастау алады. Бұл – ұйысқан ұлт, мықты мемлекет болудың басты кепілі. Елде тұрақтылық болмаса, ешқандай даму болмайтынын қазір әлемде болып жатқан оқиғалардан анық аңғаруға болады. Өкінішке қарай, көптеген елдер алауыздық пен түрлі жанжалдың кесірінен тоқырауға ұшырап отыр. «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат.

Біз елімізде жан-жақты реформаларды жүзеге асырып жатырмыз. Бұл – ең алдымен, халқымыздың тұтастығы мен бірлігінің арқасы. Себебі, біз таңдаған жол – өркендеу мен даму жолы. Бүгінде оның жемісін барша азаматтарымыз көруде, – деді Мемлекет басшысы.

«Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидаты

Президенттің айтуынша, ауқымды саяси жаңғырулар арқылы мемлекетіміздің демократиялық дамуының жаңа бағдары айқындалды. Конституциялық реформаны іске асыру нәтижесінде біліктің негізгі институттары қайта құрылымдалып, орнықты саяси жүйе қалыптасты. Бұл саяси жүйенің негізі – ашықтық пен әділдік, тиімділік пен бәсекеге қабілеттілік. Ең бастысы, халыққа қызмет ету қағидасы қамтылған. Мемлекет басшысы осындай құндылықтар негізінде біздің қоғамдық-саяси өмірімізде іргелі өзгерістер болып жатқанын айтты.

– Жақында өткен Атом электр станциясын салу жөніндегі референдумның қорытындысы – соның жарқын дәлелі. Азаматтардың 70 пайыздан астамы АЭС құрылысын қолдап, дауыс берді. Бұл халқымыздың тағдырышешімі сәттерде өрлеу жолын таңдайтынын көрсетті. «Түрлі көзқарас, біртұтас ұлт» қағидаты – мемлекеттік саясатымыздың негізі. Жалпы, энергия тапшылығының артуы – еліміз үшін өте өзекті проблеманың бірі. Оны дер кезінде шешпесе, экономикамыздың дамуына кедергі келтіріп, азаматтардың тұрмыс сапасына кері әсерін тигізеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сапалы жол – халық тұрмысына оң ықпал ететін фактор

Мемлекет басшысы Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдарына сәйкес ауқымды жұмыс атқарылып жатқанына тоқталды. Елдің көлік, энергетика және индустрия жүйесі қайта құрылып жатыр.

– Бес жыл бұрын Бұқтырма бөгеніне көпір салу туралы тапсырма бердім. Жұрт жылдар бойы жазда – пароммен, қыста – мұздың үстімен жүретін. Бұл өте ыңғайсыз әрі қауіпті болғаны түсінікті. Енді мәселе біржолата шешімін тапты. Көпірдің құрылысы аяқталды, бірнеше күн бұрын ресми түрде ашылып, ел игілігіне берілді. Бұл – Қазақстандағы ең ұзын көпір. Осылайша шекара маңындағы аудандар транзиттік аумаққа айналды, яғни Қазақстан арқылы Қытай мен Ресейді жалағайтын тағы бір төте жол пайда болды. Осы маңызды жоба Шығыс Қазақстандағы бірнеше ауданның көлік қатына-

сын едәуір жақсартады. Жалпы, сапалы жол – халықтың тұрмысына оң ықпал ететін фактор. Мен бұл мәселеге айрықша мән беремін, – деді Президент.

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев биылдың өзінде ұзындығы 12 мың шақырым жол салынып, жөнделіп жатқанын еске салды. Әсіресе, аймақтардағы жолды жақсартуға баса назар аударылып отыр. Оның айтуынша, Батыс Қазақстанда сонау Кеңес заманынан бері қараусыз қалған жолдар бар. Казталовка – Жәнібек – Ресей шекарасы бағытындағы жол биыл толық пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, әуе қатынасын дамыту бағытында нақты жұмыс атқарылып жатыр. Жақында Қызылорда және Шымкент әуежайларында жаңа терминалдар ашылады.

26 миллион тоннадан астам астық жиналды

Президент экономиканы әртараптандыру үшін қабылданып жатқан жан-жақты шаралар туралы мәлімет берді. Атап айтқанда, биылғы 8 айда өңдеу өнеркәсібінің экспорты 17,8 миллиард доллардан асқан. Оның үштен бірі – күрделі технологиямен өңделген өнімдер. Қазір 17 серпінді, яғни озық инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығының даму қарқынына тоқталды.

– Бұл – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан айрықша маңызды сала. Қазақстан әлемдік азық-түлік нарығындағы рөлін күшейте береді. Қазір күзгі жиын-терін науқаны аяқталып қалды. Діқандар қауымына шынайы ризашылық білдіремін. Көктемгі тасқынға қарамастан 26 миллион тоннадан астам астық жиналды. Мұны рекордтық көрсеткіш деуге болады. Бұған мемлекет тарапынан көрсетілген нақты көмек те септігін тиізгені анық. Биыл көктемгі егіс науқанына берілетін арзан несие көлемі үш есе көбейді. Ауыл шаруашылығы техникасын лизинг арқылы алуға қосымша қаражат бөлінді. Жалпы, агроөнеркәсіп кешенінде 865 жоба жүзеге асырылмақ. Оның құны – 2,6 триллион теңге, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жасампаз серіктестік

Президент еліміздегі кәсіпкерлік саласының өркендеу жолына түскенін, шағын және орта бизнес халықтың экономикадағы белсенді бөлігін жұмыспен қамтып отырғанын атап өтті. Мемлекет басшысы елдің іскерлік ахуалы мен инвестициялық тартымдылығын одан әрі жақсарту мақсатында мамыр айында Экономиканы ырықтандыру жөніндегі Жарлыққа қол қойғанын жеткізді.

– Отандық кәсіпкерлер елдегі маңызды жобаларды жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Олар мектептер, ауруханалар және басқа да әлеуметтік нысандар салып жатыр. Сондай-ақ, өнеркәсіп пен инфрақұрылымды дамытуға инвестиция құйып, қайырымдылық бастамаларды қолдап жүр. Бұл – мемлекет пен бизнес арасындағы жасампаз серіктестіктің, бизнес өкілдерінің әлеуметтік жауапкершілігінің айқын көрсеткіші, – деді Президент.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен әкімдердің тікелей міндеті – бизнес-қауымдастыққа жан-жақты қолдау көрсету, кәсіпкерлермен тығыз қарым-қатынас жасау екенін айтты.

Ұлттық жобалар, нақты қадамдар

Президент елімізде басымдық беріліп отырған әлеуметтік салаларға тоқталды.

– Биыл «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 115 жаңа медицина нысаны салынды. Отандық медицинада емдеудің инновациялық әдістері енгізіліп, онкологиялық қызметті кеңенді жаңғырту жұмыстары басталды. Сала қызметкерлерін құқықтық және қаржылық тұрғыдан қорғау туралы заң қабылданды. Бұл – аталған мамандықтың мәртебесін арттыруға бағытталған қадам. Осы және басқа да жүйелі шаралардың нәтижесінде негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштердің жақсарғаны байқалып отыр. Орташа өмір сүру ұзақтығы Тәуелсіздік жылдарында алғаш рет 75 жасан асты. Ұрпаққа сапалы білім беру – маңызды міндет. Елімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Соның арқасында 500 мыңға жуық бала жаңа білім ордасында оқитын болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бәсекеге қабілетті озық ұлт болу

Мемлекет басшысы ғылымы және техникасы дамыған елдердің әлем көшін бастап тұрғанын тілге тиек етіп, осы үдерістен қалмау үшін технократ ұлт болуымыз қажет екенін алға тартты.

– Бұл – уақыт талабы. Келер жылды «Жұмысшы маман-

дықтары жылы» деп жарияладық. Біз техникалық және кәсіптік білім беруге баса мән беріп отырмыз. Биыл осы салаға арналған мемлекеттік тапсырысты едәуір көбейттік. Грант санын 10 мыңға арттырдық. Мемлекеттік тапсырыстың 65 пайызы техникалық мамандықтарға бөлінді. Елімізде шетелдің беделді жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып жатыр. Білім-ғылымның сапасын жақсартуға қатысты басқа да шаралар қолға алынды. Жақында «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылданды. Мұның бәрі бәсекеге қабілетті озық ұлт болуымыз үшін өте маңызды деп ойлаймын, – деді Президент.

Бейбітшілік пен тыныштық – ең құнды байлығымыз

Қасым-Жомарт Тоқаев биыл өзінің бастамасымен «Таза Қазақстан» акциясы басталғанын, бұл халықтың экологиялық мәдениетін көтеруге арналған жалпыұлттық жоба екенін атап өтті. Елдің ішкі жағдайы мен азаматтардың әл-ауқатына мемлекеттің сыртқы саясаты тікелей әсер етеді. Сондықтан Мемлекет басшысы өз сөзінде бұл салаға да ерекше мән берді.

– Қазақстан ұлттық мүддеге негізделген теңгерімді, конструктивті сыртқы саясат жүргізеді. Биыл біз үшін халықаралық маңызды оқиғаларға толы жыл болды. Қазақстан бірден бірнеше көпжақты ұйымдарға төрағалық етіп, бірқатар ауқымды іс-шара ұйымдастырды. Әсіресе, Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті мен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын атап өтуге болады. Мемлекетіміз әлемдік аренадағы орнын дәйекті түрде нығайту арқылы орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге және жаһандық сын-қатерлерді еңсеруге елеулі үлес қосып келеді. Қазақ дипломатиясы сан асарлық тарихы мен дәстүрі бар Ұлы даладан бастау алды. Қазақстанның әлемдік аренадағы беделін нығайта түсу – ұлттық дипломатияның алыбында тұрған маңызды міндет. Қазір дүние жүзі қауымдастығы біздің елімізді орта держава деп атайтын болды. Бірақ арқаны кеңге салуға болмайды, әлі де өте белсенді жұмыс істеу қажет. Әлемде түрлі қақтығыстар көбейіп, қарулану жарысы белең алғанын және сауда соғысы өршіп бара жатқанын көріп отырсыздар. Бірақ ең қауіптісі – сананың милитаризациясы, бір-бірінің ұстанымын мойындамау және сенімсіздіктің артуы, диалог пен консенсус үшін мүмкіндіктің азаюы. Осының бәрі әлемдік тәртіптің түбегейлі өзгеріске ұшырап жатқанын көрсетеді. Біз осындай жағдайдың өзінде тұрақтылық пен келісім мекені болып қалуды қолдан келгенін бәрін жасаймыз. Бейбітшілік пен тыныштық – біздің ең құнды байлығымыз, оны аялап, көздің қарашығындай сақтауымыз керек, – деді Президент.

Қылмысқа «мүлдем төзбеушілік» қағидаты

Бұл ретте Мемлекет басшысы бейбітшілік пен дамудың түп негізі отбасындағы тәрбиеден, көшедегі тазалықтан, қоғамдағы бірліктен бастау алатынына назар аударып, неліктен Заң мен Тәртіп үстемдігі туралы ұдайы айтатынын түсіндірді.

– Бұл – біздің байыппен таңдаған айнымас қағидатымыз. Ол қоғамдық санада тамыр жаюға тиіс. «Заң – ізгілік пен әділет өнері» деген әйгілі тәмсіл бар. Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдағы тәртіпті қамтамасыз ету үшін қажет. Өрине, заңның қатаңдығына наразылық білдіріп, «қылбұрау салып жатыр» деп ойлайтын адамдар әрқашан табылады. Бірақ жазадан жалтарып, жүгенсіз кеткендер, шын мәнінде, халық пен ел мүддесіне қарсы адамдар. Мемлекет қылмысқа «мүлдем төзбеушілік» қағидатын іске асыру үшін шара қабылдауды жалғастырады. Бұзақылықпен және ұйымдасқан қылмыспен ымырасыз күрес жүргізеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның жетістіктері барша халқымыздың ортақ табысы екенін атап өтіп, ұлық мейрам – Республика күніне орай елімізді дамытуға орасан зор үлес қосып жүрген бір топ азаматқа жоғары наградаларды және Мемлекеттік сыйлықты салтанатты түрде табыстады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күніне арналған «Қастерлі Отан – Қазақстан» атты мерекелік концертке барды. «Астана Опера» театрында өткен салтанатты кеште елімізге танымал мәдениет қайраткерлері мен түрлі шығармашылық ұжымдар өнер көрсетті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: www.akorda.kz).



МАРАПАТ

МЕРЕЙЛІ ДЕ, МӘРТЕБЕЛІ МЕЙРАМ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев алматылықтарға Республика күніне орай Президент атынан мемлекеттік наградалар тапсырды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан қаланың 93 тұрғынына мемлекеттік наградаларды тапсырды.

Марапатқа еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосқан алматылықтар ұсынылды. Олардың ішінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, бизнес, көлік салаларының өкілдері, еңбек ардагерлері, сондай-ақ қоғам және саяси қайраткерлер бар.

Мемлекет басшысының Жарлығымен 1-дәрежелі «Барыс» орденімен «Бибі-Ана» қайырымдылық қорының президенті Бибігүл Иманғазина марапатталды. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы суретші Алексей Уткинге, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармонияның солисі Гүлнар Құрамабаеваға және тағы басқаларға берілді.

Шаһар басшысы «Парасат» орденін Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы директорлар кеңесінің төрайымы Зәуреш Аманжоловаға, «Дос-Мұқасан» ВИА тобының қатысушысы Ұлықпан Сыдықовқа және т.б. табыс етті. «Құрмет» орденімен Халықаралық білім беру корпорациясының профессоры Таңатқан Абақанов, «Белсенді ұзақ

өмір сүру» орталығының директоры Сәуле Бекетаева, Қазақстан Суретшілер одағының төрағасы Өмірбек Жұбаниязов, еңбек ардагерлері Қуаныш Абдухалимов, Лиза Каримова, Жанат Шанина және тағы басқалар марапатталды.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының атынан Ерболат Досаев:

3-дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін – «Алматы тазалықтың» жол жұмысшысы Дина Дарибаеваға, «Алматыэлектротранс» троллейбус паркінің жүргізушісі Гүлбаршын Кукаеваға, Алматы жылу желілерінің слесарі Сергей Падаянге, №405 авиажөндеу зауытының слесарі Алтымбек Жаксыбаев және т.б.;

– «Ерен еңбегі үшін» медалін – Ж.Жабаев атындағы №161 лицей мұғалімі Ақылкүл Әбдіқайымоваға, «Алматы тазалықтың» жол жұмысшысы Мәди Бекмұханбетовке, домбырашы Айбек Бримгазинге, Алматы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі бөлімшесінің командирі Ғалым Нұрдаулетовке, «City-bus» ЖШС слесарі Аслан Туғанбаевқа және т.б.;

– «Шапағат» медалін – Түркісіб ауданы көпбалалы отбасылар одағының төрайымы Бибирабе Айымбетоваға, Бостандық ауданы психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің дефектологы Айгүл Кенжееваға, «Кедергісіз KZ» мүгедек адамдар қоғамының төрайымы Меруерт Құлахметоваға, қалалық Адам репродукциясы орталығының акушер-гинеколог дәрігері Чапен Сармұлдаеваға, «ҚазСтрой Мо-

нолит» ЖШС бас директоры Керемет Ахановқа және тағы басқаларға табыс етті.

Іс-шараға Қазақстан халқы Ассамблеясының, қаланың қоғамдық кеңесінің, жастар

ұйымдарының өкілдері, мәдениет қайраткерлері, ЖОО ректорлары, мәслихат депутаттары және басқалар қатысты. Салтанатты марапаттау рәсімі қала әкімдігінің ғимаратында өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖҮЛДЫЗДАР САХНАДА ЖАРҚЫРАДЫ Алматыда Республика күніне орай мерекелік концерт өтті

Республика сарайында еліміздің басты ұлттық мерекесі – Республика күніне арналған мерекелік концерт өтті. Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, Қоғамдық кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет саласының қызметкерлері және бүгін мемлекеттік наградалармен марапатталған азаматтар қатысты.

Концерттің ресми бөлімі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын сахнаға алып шығып, елдің еңбек сіңірген қайраткері Талғат Күзембаевтың Мемлекеттік Әнұранды орындауымен басталды.

Бағдарламада Steppesons тобы, Карина Абдуллина, АРО және Жұбаныш Жексенұлы, Жанар Догалова, ALPHA тобы және басқа да танымал артистер патриоттық әндер орындады. Белгілі домбырашы-күйші Асылбек Еңсеповтың «Махаббат өзені» шығармасы бұл жолы екі скрипка дуэтінің сүйемелдеуімен орындалды.

Сонымен қатар, Байғали Серкебаев жас орындаушы Kyle Ruh-пен бірге жарық шоу аясында A'Studio тобының әндерінен попуриі айтты. Жастардың кумири Садратдин «Мелодрама» әнін шырқаса, аты аңызға айналған «Дос-Мұқасан» тобы «Алматы түні» және «Қайдасың?» атты танымал хиттерін орындады. Сондай-ақ, сахнада «Wake up» балетінің шығармашылық және би қойылымдары көрсетіліп, Отанға деген махаббатты бейнеледі.

Концерт Қазақстанның халық артисі Роза Рымбаева мен елдің еңбек сіңірген қайраткері Біржан Хасанғалиевтің хорының сүйемелдеуімен орындаған «Атамекен» әнімен аяқталып, концерттің барлық қатысушысы сахнаға шықты.

ӘН-ШАШУ



ДОМБЫРАШЫ ЖІГІТТЕР

Алматыда қонақта

Қазақтың қасиетті домбырасын елімізде ғана емес, алыс-жақын шет елдерде де танытып жүрген Temirlan & Yernat дуэті алғашында «Бастау» деген атпен шыққан. Кейіннен топтары өз есімдерімен атағанды жөн көрген. Биыл топтың құрылғанына 7 жылға аяқ басты. Осы уақыт аралығында олар қасиетті аспапты әлемнің бірнеше мемлекетіне танытып қана қоймай, қанжығалары майланып, жұлдемен оралған жайлары бар. Мәселен, 2018 жылы АҚШ-та Арнольд Шварценеггер продюсер болған World Championships үлкен конкурсында алтын медаль жеңіп алса, кейін Лондондағы Golden Time Talent пен Испанияда өткен Music Box International, Түркиядағы «Bridge TV need for fest» және Music World халықаралық музыкалық конкурстарында лауреат атанған.

Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде 2-курс оқып жүргенде Димаш Құдайбергеммен бірге өнер көрсететін ансамбль құрамына қосылып, «I am a Singer» байқауында «Дайдидау» әнін домбырамен сүйемелдеген. Дубайдағы

бүкіләлемдік EXPO көрмесінде ел атынан өнер көрсетті. Токио Олимпиадасында Қазақстан мәдениетінің амбассадоры болды. Бүгінде Air Astana ұшақтарының ресми борт музыкасында және Астана қаласының теміржол вокзалдарында, ірі сауда орталықтарында Temirlan & Yernat дуэтінің орындауындағы шығармалар жиі қойылады.

Атадан қалған асыл мұраны қастерлеп, дәстүрін дәріптеп жүрген шығармашыл жастар ғаламторда да кеңінен танымал. Олардың REELS-тары да өзінше бір шағын кино іспетті. Қазақтың байтақ даласы мен шетсіз-шексіз жазиралы өлкесін көрсете отырып орындайтын әуендері бейнебаяндарын әсерлі ете түседі.

Кейінгі жылдары танымал және шетелдік композиторлардың шығармаларын домбырада әрлеп, ойнау тенденциясы қалыптасты. Бұл бағытта да олардың бәсі биік. Музыкада жеті нота бар болса, оның жетеуі де домбыраның пернесіне қонған. Қос ішекті аспаптың кез келген шетелдік музыканы ойнауға қауқары жететінін Temirlan & Yernat дуэтінің орындауындағы әуендерден байқауға болады.

Дәстүрлі поп-музыка стилінде шығармалар орындайтын шығармашыл жастар өздерінің авторлық жү-

мыстарын да жазады. Бүгінде олар осы екі бағытты байланыстырып, этнодестиль, этномодерн бағытындағы әуендерді көпшілік назарына ұсынып жүр.

Бүгінде домбырашы жігіттердің өнерлерін тамашалау халық арасында кәдімгі трендке айналған. Табиғатын өзгертпей, дәмін бұзбай орындайтын әуендерін әлеуметтік желі қолданушылары парақшаларында жиі пайдаланады.

«Бізді танымал еткен қолымыздағы домбырамыз! Мақсатымыз – дәстүрлі әуендерді ұлттық болмысымызды сақтай отырып, әлемге таныту, насихаттау» дейді өнерпаздар.

Иә, домбыраның үні жаныңды тербейді, көңіл күйіңді көтереді. Ең кереметі, кеудеңде асқақ бір күш-жігер, құлшыныс, өмірге деген құштарлық, туған еліңе, жеріңе, ұлтыңа, мынау ғажайып сырлы әлемге деген шексіз махаббат сезімін сыйлайды.

Ендеше, бабалардың сырлы жүрегінен туған дәстүрлі әуендер жер бетінде қазақ деген ұлт барда, осындай талантты ұлдар барда мәңгі жасай бермек. Қос ішектің үніне елітіп, қазақтың рухымен сырласқыңыз келсе, көпшіліктің көзайымына айналған Temirlan & Yernat дуэтінің концертіне келіңіз, құрметті оқырман!

«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ:

Темірлан ОЛЖАБАЙ, Ернат НАУРЫЗ – Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің түлектері. Дуэт университет қабырғасында оқып жүргенде құрылған. Алғашында «Бастау» деген атпен шығып, кейіннен Temirlan & Yernat деген өз есімдерімен құралған атауды жөн көріпті. Бүгінде танымал топ Астана қаласындағы Роза Бағланова атындағы «Қазақконцертте» қызмет атқарады. Екі өнерпаздың да отбасы бар.

25 қазан –

халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтуға серпін беретін ұлттық мереке – Республика күні! Мемлекеттік деңгейде атап өтілетін мерекеге орай Алматыда да түрлі салтанатты іс-шаралар мен мәдени бағдарламалар, тарихи дәрістер мен патриоттық акциялар ұйымдастырылады.




Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Бүгін Республика сарайында әлемдік байқаулардың жеңімпаздары Temirlan & Yernat дуэтінің алғашқы ALEM TOUR атты жеке шығармашылық кеші өтеді.

Қазақстанның даму жолындағы жетістіктерін атап өтетін ұлттық мереке – Республика күнімен тұспа-тұс келген концертте домбырашы жігіттер өнерсүйер қауымның назарына халыққа кеңінен танымал күйлерді, әлемдік композиторлардың шығармалары мен өздерінің авторлық музыкалары бар тамаша шоу-бағдарламаларын ұсынады.



Қазақстандағы мерекелердің ішінде ерекше мәнге ие күндердің бірі 25 қазан – Республика күні. Бұл күн еліміздің тәуелсіздік жолындағы тарихи оқиғалары мен маңызды шешімдерінің символы ретінде қабылданады. 1990 жылы дәл осы күні Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Мемлекеттік егемендік туралы декларация» қабылдап, болашақ Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалады.



жігерімізбен үйлесімді және гүлденген қоғам құруға деген ұмтылысымызды білдіреді. Әрбір азаматтың сөзбен және іспен елдің тұрақты дамуына үлес қосуға дайын екенін көрсетеді.

Біз Қазақстанның қалыптасу тарихымен және оның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерімен мақтанамыз. 25 қазан – Отанға деген сүйіспеншіліктің символы. Бұл мереке халықтың мемлекеттілікті сақтау және әділетті Қазақстанды құру жолындағы ынтымақтастыққа, елдікке деген ұмтылысын көрсетеді. Республика күні – тек мереке ғана емес, Қазақстанның әр азаматының жүрегіндегі патриотизм мен бірліктің ұраны. Бұл күнді атап өту арқылы біз халықтың елге қосқан үлесін, адал еңбегін еске аламыз. Әрбір қазақстандық – ұлттың нағыз қаһарманы. Оның басты байлығының негізі де осында жатыр.

Жалпыға ортақ құндылықтар – рухани даму көзі

Қазақстанның табысты болашағы – қарапайым адамдардың шығармашылық еңбегі мен әділеттілікке ұмтылуынан басталады. Елдің экономикалық және мәдени жетістіктері әрбір азаматтың үлесіне байланысты. Мәдениет пен өнерден бастап, ғылым мен өндіріс салаларына дейін жеткен жетістіктер осының дәлелі. Республика күніне орай, әр қазақстандықтың еңбегі мемлекеттің тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі екенін атап өту маңызды.

ЕГЕМЕНДІК СИМВОЛЫ

Республика күні – елдігімізді нығайтатын ұлық мейрам

Декларация – азаттыққа жол ашқан алғашқы қадам

КСРО-ның құлдырауымен бірге Қазақстанның тәуелсіздікке ұмтылуы табиғи процесс болды. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы еліміздің саяси-әлеуметтік жағдайына үлкен әсер етті. Сол кездегі жастардың бейбіт шеруі мен әділдікке ұмтылысы тәуелсіздік үшін күрестің символына айналды.

1990 жылдың 25 қазанында қабылданған «Мемлекеттік егемендік туралы декларация» Қазақстанның дербес мемлекет болу жолындағы алғашқы ірі қадамдарының бірі болды. Бұл құжатта Қазақстанның өзіндік территориялық тұтастығы, егемендігі және халықаралық қатынастарда дербес саясаты анықталды. Сонымен бірге, еліміздің ішкі және сыртқы саяси шешімдерін дербес қабылдау мүмкіндігі айқын көрсетілді.

Декларация Қазақстанның құқықтық және саяси дамуына негіз қалаған маңызды құжат. Бұл акт Қазақстанның ұлттық мүдделері мен өзіндік даму жолын таңдауын бекітті. 25 қазандағы оқиғалар мен қабылданған шешімдер, кейіннен 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңға ұласты.

Ел болашағының бағдары

Қазақстанның әрбір азаматы үшін Республика күні – ұлттық бірлік, мемлекеттік тұтастық, егемендік пен тәуелсіздік идеяларының бірлігін бейнелейтін мереке. Бұл күн тек тарихи оқиғаларды еске алып қана қоймай, қазіргі Қазақстанның жетістіктері мен әлемдік аренадағы орны туралы ойлануға мүмкіндік береді.

25 қазан – еліміздің мемлекеттілігі мен егемендігін сақтаудың символы. Қазақстанның саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуы, ұлт ретінде өз ерекшеліктерін сақтай отырып, әлемдік қауымдастықтың бір бөлігі болуға талпынысы Республика күнімен тығыз байланысты.

Қазіргі таңда Қазақстан әлемдік аренада бейбітшілікті сақтау, халықаралық серіктестік және экономикалық тұрақтылық саласында белсенді рөл атқарып отыр.

Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізген жылдардағы саяси-экономикалық реформалар, ұлттық және халықаралық жобалар елдің болашағын айқындап, әлемдік экономика мен саясатта өзіндік орны бар мемлекетке айналуына ықпал етті.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңнамалық жүйесі және халықаралық шарттардағы белсенділігі егемендіктің басты кепілдері болып саналады. Халықаралық бейбіт келісімдерге қатысу, қауіпсіздік және ядролық қаруды таратпау саласындағы бастамалар Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы беделін күшейтуде маңызды рөл атқарды.

Маңызды мереке

Республика күні – әрбір қазақстандық үшін маңызды мереке. Өйткені, Қазақстанның егемендік алу жолы оңай болған жоқ. 1990 жылы қабылданған «Мемлекеттік егемендік туралы Декларация» елдің тәуелсіз мемлекет болуына негіз қалаған алғашқы қадам ретінде танылды. Республика күні осылайша, егемендіктің алғашқы заңдық белгісін атап өту, елдің тәуелсіздік жолындағы қадамдарын еске алу үшін ерекше маңызға ие.

Қазақстан осы жылдар ішінде түрлі қиындықтар мен сынақтарды еңсеріп, әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналды. Ел аймақтарының нақты жетістіктері, халықтың өмір сүру деңгейінің жақсаруы – осы эволюциялық дамудың нәтижесі. Бүгінде аймақтар экономикалық

көрсеткіштерімен, әлеуметтік жобаларымен мақтана алады. Әрбір қазақстандықтың күнделікті өмірінде осы жетістіктердің айқын көрініс табуы, олардың елдің болашағына өз үлестерін қосуға деген ынтымақ арттыруы керек.

Бұл мереке тек тарихи оқиғаларды еске алу ғана емес, әрбір қазақстандықтың өміріндегі ерекше күн ретінде қалыптасуы қажет. Республика күні – бірліктің, азаматтық белсенділіктің және патриотизмнің символы. Әрбір азамат бұл мерекені өз өміріне қатысты, өзінің ел алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып атап өтуі керек. Бұл күнді атап өтудің жаңа мәдениетін қалыптастыру арқылы қоғамда мерекеге деген жаңа көзқарас пен маңыздылықты бекіту маңызды.

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат»

Қазақстанның бүгінгі жетістіктері халқымыздың адал еңбегінің арқасы. Әрбір қазақстандықтың қажырлы еңбегі мен шығармашылық табыстары – мемлекет дамуының қозғаушы күші. Республика күні – осы еңбектің нақты нәтижелерін көрсетуге, оны дәріптеуге тамаша мүмкіндік. Бұл тек мемлекет деңгейінде ғана емес, жергілікті деңгейде де көрінуі қажет. Жұмысшылар, кәсіпкерлер, мұғалімдер, дәрігерлер, әрбір кәсіп иесі өз еңбегімен Қазақстанның болашағын құрып жатыр.

Республика күнінің басты мақсаты – азаматтық бірегейлікті нығайту. «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» идеясын насихаттау арқылы әрбір адам өз елінің ажырамас бөлігі екенін сезінуі тиіс. Азаматтық бірегейлік – тек құқықтар мен міндеттерді сақтау ғана емес, ел болашағына белсенді араласу, қоғамның дамуына өз үлесін қосу деген сөз.

Бір сөзбен айтқанда, Республика күні – тарихымызды құрметтеу, еліміздің болашағына деген сеніммен қарау және әрбір қазақстандықтың өзінің жауапкершілігін сезіну күні. Мереке тек еске алу мен құрмет көрсету ғана емес, бүгінгі жетістіктерімізді атап өтіп, болашаққа батыл қадам жасауға деген ұмтылысымызды білдіруі керек.

Тәуелсіздікті қорғау – ортақ міндет

Президент өз тұжырымдарында бұл мерекені ұлықтау, еліміздің тәуелсіздігін қорғау барша азаматтардың ортақ міндеті екенін еске салады. Бірлік, заңды құрметтеу және белсенді қатысу арқылы ғана Қазақстандағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап қалу мүмкін. Бұл – еліміздің өркендеуінің негізі. Республика күні – тәуелсіздікке жету жолында елеулі рөл атқарған көрнекті тұлғаларды еске алуға да мүмкіндік береді. Олардың патриотизмі мен адалдығы болашақ ұрпақ үшін үлгі-өнеге боларлықтай, ел өміріне белсенді қатысуға шабыт береді.

Республика күні – Қазақстан халықтарының достығын нығайтудағы рөлімен де ерекшеленеді. Декларация ынтымақтастықтың қажеттілігін көрсетіп, елдің көпұлтты халқы арасындағы бейбіт қатар өмір сүру мен мәдени алмасудың негізін қалады.

Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қабылдануы елімізге әлемдік қауымдастықта тәуелсіз ойыншы ретінде өз орнын жариялауға мүмкіндік берді.

Бірлік пен ынтымақ – елдіктің асқақ беделі

Республика күні – тәуелсіздіктің асқақ символы. Бұл мереке бірлік пен ынтымақ арқылы халқымыздың кез келген қиындықты еңсергенін еске салады. Біз ата-бабаларымызды құрметтеп, ұлттық бірлігімізді нығайту арқылы егемендікті қорғауды жалғастырамыз. Республика күні біздің ортақ күш-

Қазақстан халқы өз мәдени мұрасы мен ұлттық дәстүрлеріне үлкен құрметпен қарайды. Бұл күн тек мемлекеттің тарихи жеңістерін атап өтетін күн емес, сонымен қатар, жалпыға ортақ құндылықтарды еске салатын мереке. Адамдар елдің гүлденуіне өз үлесін қосып, адал еңбек арқылы патриоттық сезімін көрсетеді.

Өнеркәсіп пен өндіріс саласында жұмыс істейтін қазақстандықтар көбінесе көлеңкеде қалып қойса да, олардың еңбегі елдің экономикалық дамуына шешуші үлес қосады. Әрбір салада қызмет етіп жүрген азаматтар – Қазақстанның өркендеуі мен болашағының кепілі.

Табиғатқа да ерекше көңіл бөлуіміз қажет

Елдің дамуы мен өркендеуі азаматтардың заңға бағынуы мен тәртіпті ұстануына негізделген. Әділетті қоғам құру үшін әрбір адам заңға бағынуы керек. Осы жолмен ғана біз әділетті, таза, қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз.

Мемлекеттілікті нығайту және егемендікті сақтау үшін әрбір қазақстандық бірлесіп әрекет етуге дайын болуы тиіс. Бұл – адам құқықтарын қорғап, заңның үстемдігін орнатуға жетелейтін маңызды қадам. Қазақстан қоғамы осындай бірліктің арқасында ғана үлкен жетістіктерге қол жеткізді және осы жетістіктер болашақ ұрпақ үшін тең мүмкіндіктер еліне айналдыруға көмектеседі.

Республика күнін атап өту барысында тарихи және мәдени мұрамызды еске алғанымызбен қатар, табиғатқа да ерекше көңіл бөлуіміз қажет. Қазақстанның қайталанбас табиғи ресурстары бар және оларды қорғау – әрбір қазақстандықтың міндеті. Бұл мұраны болашақ ұрпаққа сақтап қалу біздің ортақ жауапкершілігімізге жатады. Елдің табиғи байлықтарын қорғау арқылы біз ұлттық құндылықтарымызды нығайтып, оны дамытудың жаңа жолдарын таба аламыз.

25 қазан – Қазақстанның егемендікке ұмтылысының, мемлекеттіліктің қалыптасуының нышаны. Бұл күн – еліміздің өткені мен болашағын саралап, жетістіктерімізді бағалайтын, ұлттық бірлігімізді нығайтатын сәт. Республика күні – әрбір қазақстандық үшін маңызды мереке, себебі бұл күн біздің тәуелсіздігіміздің бастауы болып табылады. Қазақстанның егемендік жылдарында жеткен табыстары, ұлт ретінде өз даралығын сақтауы мен экономикалық дамуы – осы тарихи оқиғалардың жемісі. Ал болашақта еліміз одан әрі нығайып, әлемдік қауымдастықта өз орнын бекітеді деп сенеміз. Бұл мереке – еліміздің тәуелсіздік жолындағы жетістіктерін ғана емес, қазақстандықтардың адал еңбегін, бірлігін және патриоттық сезімдерін ерекше атап өтетін күн. Әділетті және өркендеген Қазақстанды құруға бағытталған ортақ мақсатымыз бізді алға жетелеп, болашаққа сенімді қадам жасауға мүмкіндік береді.



ОЙ-ТАЛҚЫ

(Фотодереккөз: Informburo.kz).

АЗАТ ЕЛ БОЛУ
ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

Ақын Қадыр Мырза-Әлі «Біз – тарихы қалың елміз» деген тұғын. Қазақ елі дербес, ешкімге бағынбай, өзінше, бейбіт күн кешу жолында тағдырлы шақтарды басынан өткерді. Қазақ халқында «Өткенді ұмытсаң – келешек саған тас атады» деген сөз бар. Сондықтан 25 қазан – Республика күнінің қадірін бүгінгі ұрпақ білуі тиіс.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Біздің ата-бабаларымыз «Тұран» даланың төсінде ат тұяғын дүбірлетіп, Еуразия кеңістігіне әмірін жүргізді. Арсы батысқа жорық жасады. Атилла бастаған алыптар еуропалықтарға шалбар киюді, атқа үзенгі салуды үйретті. Түрік қағанаты батыс пен шығысты жалғады. Алғаш түрік этнонимі, «Көк бөрі» даңқы сол дәуірде асты.

Ал Сұлтан Бейбарыс күллі араб түбегінде бытырап жүрген мұсылмандардың басын қосты. Мешіттер мен медреселер салғызды. Крест жорықтарының бетін қайтарды. Құл боп барып, хан боп қайтып, «жусан исі» мен қыпшақтардың «көке» дегені бала күннен құлағында қалып, елге оралған деседі. Бұл әлі күнге аңыз ретінде таралып келеді. Бабыр шах Үндістан, Таяу Шығысты биледі. Алтын Орданың абырой биігі әлем тарихында алтын еріппен бедерленді. Бату, Берке хандар салдырған қалаларда алтыннан қорған бағаналары құйылған көрінеді. Батыс Еуропа Ұлық Ұлысқа бағынышты болды. Әбілқайыр хандығы Орта Азияны уысында ұстады. Қазақ хандығы құрылды. Ұлт болып ұйысудың көркем бейнесі көрінді. Алаш ардақтары ешкімге мұқтаж болмай, өзінше дербес ел болуға ұмтылды.

ШЕЖІРЕГЕ ТОЛЫ
ӨТКЕН КҮН

Орта Азияда талай дүлдүл, білгір өткен. Әл-Фараби білімнің шыңына көтеріліп, 70 тіл біліп, ілімдарлығының арқасында әлемнің екінші ұстазы атанды. Ибн Сина медицина ғылымының негізін салды. Әбу Райхан Әл Бируни жердің геоцентрлік жүйесін ойлап тапты. Қожа Ахмет Ясауи бабамыз түркі халықтарына мұсылманшылықты ұғынықтаған.

Орта ғасырларда Ахмет Іүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, бертін келе Әлішер Науаи, Физули сынды тағы көптеген шайырлар философиялық пайымдарды жырларды. Ұлықбек астрономиялық жаңалық ашты. Бабыр шахтың ерлігімен қатар өлеңдері жарыққа шықты.

Қазақ хандығын Керей мен Жәнібек хандар құрды. Қасым хан «Қасқа жолды», Есім хан «Ескі жолды» қалыптастырды. Өтейбойдақ «Шипагерлік баян» жазды. Асан қайғы Желмаямен жұртқа жайлы «Жерұйықты» іздеді. Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар жырау хан мен

қарашаның арасын жақындастырып, береке-бірлікті жырлады. Әбілқайыр хан бас қолбасшы атанып, жоңғарға тойтарыс берді. Абылай тұсында Ресей мен Қытай арасында бейбіт дипломатия орнады. Үш жүздің даналары – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер ел ынтымағын келтіріп, дау-дамайын шешіп, әділ төрелік жасады. Ер Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Райымбек пен Наурызбай ел қамын жеп, жауға елін бермеді, дұшпаннан қорғап қалды. Хан Кене қазақ жерінің тұтастығы үшін айқасып өтті. Махамбет пен Исатай отарлауға қасқайып қарсы тұрды. Мөңке би болашақ ұрпағына болжам айтты.

ҚАЗАҚТЫ ТАҒДЫР ӨЗІ
САҚТАДЫ

Ұлт-азаттық көтерілісті Амангелді Иманов бастады. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты Алаш зиялылары ұлтты сақтады. Дербес өркениеті мен мәдениеті дамыған ел болуды көкседі. Ұлт мүддесі үшін барын салды. Қаныш Сәтбаев Ұлттық ғылым академиясын ашты. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов өткен ғасырда әдебиет айдынында шебер туындыларды дүниеге әкелді. Ал үш кітаптан тұратын «Көшпенділер» романын Ілияс Есенберлин жазып, өткен тарихты жіпке тізіп өткендей болды. Нұртас Оңдасынов, Жұмабек Тәшенев қазақ жерін бөлініске түсуден аман-есен сақтады. Дінмұхамед Қонаев Қазақстанда 40-тан астам қала салды, өндіріс орындарын жандандырды. Ұлт руханиятына қызмет қылды. Ортада қаншама аштық, репрессия, соғыс жылдары орын алды. КСРО-ның іргесін «Желтоқсан көтерілісі» шытынатты. Осылайша азаттақтың ақ таны атты. Қазақ елі тоқсаныншы жылдардың тоқырауын бастан кешірді. Ел еңсесін тіктеп, нарықтық-экономикалық жолға түсті. Ендігі мақсат-мұрат – елдікті сақтап, егемендік тұғырын мәңгі ету.

ТҮЙІН:

XXI ғасырда адамзатты жаһандану процесі шырмап тұр. Ғаламтор барша әлемді торлап тұр. Қазір ұлт мүддесін қорғап, жаңа технологияны игіріп, бай-бақуат күн кешетін жағдайдамыз. Қазақ елінің болашағы зор болсын!

ЗЕРДЕ

БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ

Ұлттық бірлікті нығайту – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі

Ернұр
РЫСБАЙ

Республика күні – бұл ел тарихындағы тәуелсіздіктің алғашқы қадамдарын еске салатын күн. 1990 жылы дәл осы күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны қабылдаған еді. Осы құжат еліміздің тәуелсіздік жолындағы маңызды кезеңі болды. Ал 1991 жылы желтоқсан айында Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде өз тәуелсіздігін жариялады. Республика күні жас ұрпаққа осы тарихи кезеңдерді еске салып, еліміздің жетістіктерін қадірлеуге, патриоттық сезімді күшейтуге үлкен ықпал етеді.

Алмагүл
ҚҰРМАНБАЕВА,
«Тұран» университеті,
ф. ғ. к., доцент:

ҰЛТТЫҚ РУХТЫ
ОЯТАДЫ

Жас ұрпаққа тәуелсіз елде өмір сүрудің қаншалықты құнды екенін ұғындыру маңызды. Олардың азаматтық санасын қалыптастыру, отаншылдыққа баулу мемлекетіміздің болашағы үшін аса қажет. Республика күні – жас ұрпақтың ұлттық рухын оятатын, тарихын қадірлеуге тәрбиелейтін мереке. Бұл күн жастарға еліміздің қаншалықты қиын кезеңдерді өткергенін және егемендікке қол жеткізу үшін қаншалықты батыл қадамдар жасалғанын еске салады.

Бүгінгі жас ұрпақ еліміздің болашағы ретінде еліміздің дамуы мен гүлденуіне жауапты. Республика күнін атап өту оларға тәуелсіздіктің мәнін, оны бағалау қажеттігін түсінуге көмектеседі. Мұндай мерекелік іс-шаралар жастарды ел тарихымен терең таныстырып, олардың жүрегіне туған жерге деген сүйіспеншілікті оятуға ықпал етеді.

ТАРИХИ ОҚИҒАЛАРМЕН
ШЕКТЕЛМЕЙТІН МЕРЕКЕ

Егемендік алғаннан бері Қазақстан өзінің Қарулы Күштерін қалыптастырып, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен қадамдар жасады. Тәуелсіздік пен бейбітшілік – біз үшін ең қымбат құндылықтар, оларды сақтау – әрбір жас азаматтың міндеті. Сондықтан Республика күні жастарға елдің тәуелсіздігін қорғауға дайын болудың, Отан алдындағы борышты орындаудың маңыздылығын түсіндіретін күн. Бұл тек тарихи оқиғалармен шектелмейтін мереке. Бұл күн жастардың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыруға да бағытталған. Жас буынға патриоттық тәрбие беру – елдің болашағы үшін маңызды қадамдардың бірі. Патриоттық тәрбие тек

мемлекетті қорғауға дайындықпен ғана шектелмейді, ол туған жерге, өз халқының тарихы мен мәдениетіне деген құрмет пен сүйіспеншілікті дамытуды көздейді.

БОЛАШАҚ – БІЛІМДІ
ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Тәуелсіздік алғаннан бері еліміз білім мен ғылымды дамытуға көп күш салып келеді. Жас ұрпақтың сапалы білім алып, ғылыми жетістіктерге жетуі – мемлекеттің халықаралық аренада беделін арттыратын маңызды факторлардың бірі. Жастар үшін білім мен ғылым тек жеке даму құралы ғана емес, ол елге қызмет ету жолындағы маңызды құрал болып табылады. Білімді және ғылымды меңгерген жастар еліміздің әлеуметтік және экономикалық дамуына зор үлес қоса алады.

Республика күні – еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігіне деген құрметтің символы. Бұл күн жастарға мемлекеттің тарихы мен дамуын терең түсінуге, тәуелсіздік құндылықтарын бағалауға үлкен мүмкіндік береді. Жас ұрпақ елдің болашағы болғандықтан, олардың бойында Отан сүйіштілік сезімін қалыптастыру, ұлттық бірлікті нығайту – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Республика күнін атап өту – тек тарихты еске алу ғана емес, ол жас буынды тәуелсіз елдің ертеңі үшін тәрбиелеу жолындағы маңызды қадам.

БРИФИНГ



ӘЛЕМ АРУЫ

байқауында алматылық бойжеткен бағын сынады

Республика мақтанышы, «Әлем аруы Қазақстан – 2023» титулының иегері 24 жастағы алматылық Мадина Әлмұханова жақында Мексика жерінде өтетін «Әлем аруы – 2024» халықаралық сұлулық байқауына қатысып, еліміздің намысын қорғайтын болады. Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте осы байқаудың жақсы өтуіне атсалысып жүрген спикерлер сөз алды.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Қазақстан аруы» байқауының PR-директоры Гүлім Советқан Мадина 16 қарашада өтетін байқауға дайындықтың соңғы кезеңінде екенін атап өтті.

«Мадина – біздің елдің жарқын өкілі ғана емес, ол «Әлем аруы»

байқауын әлеуметтік маңызды мәселелерге, атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбына назар аударатын платформа ретінде пайдалануға ниетті. Мадина әйелдер құқығын жақтайды және зардап шеккендерді қолдауға, сондай-ақ қоғамдағы жаһандық өзгерістердің қажеттілігіне назар аударуды жоспарлап отыр», – деп атап өтті Гүлім Советқан.

Байқауда Мадинаның сыртқы келбетіне ерекше назар аударылады. Merhat jewellery зергерлік брендінің маркетинг жөніндегі директоры Үміт Смағұлова байқауға қатысушының ұлттық костюмі үшін қазақ дәстүрлерінің рухын жеткізетін бірегей бас киім мен әшекейлер арнайы әзірленгенін атап өтті.

«Оның бейнесінің әрбір бөлшегі ұлттық бірегейлікті және Қазақстанның бай мәдени мұрасын бейнелейді», – дейді Үміт Смағұлова.

Мадина Әлмұханова – мансабын 18 жасында бастаған кәсіби модель. Ол Dolce & Gabbana, Intertop, Gucci және Yves Saint Laurent сияқты әлемдік брендтердің шоуларына қатысқан. Модель ретіндегі табысты мансабынан бөлек, Чайковский атындағы музыкалық колледжін «Хормейстер-дирижер» мамандығы бойынша бітірген, вокал мен фортепианода ойнауды кәсіби меңгерген. Болашақта музыкалық альбомын шығаруды армандайды.

КЕЗДЕСУ

ІС-ШАРА

ҮЛКЕНДЕР ЖОЛЫ ҰЛЫЛЫҚ

Қариялар айлығы аясында қаламыздағы айтулы білім ошағы Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназия шаңырағында «Үлкендер жолы ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» атты мерекелік іс-шара өтті. Мерекелік кеш ұстаздардың төл мерекесін де қамтыды. Мерекелік жиынға ұзақ жылдар осы мектепте ұстаздық еткен еңбек ардагерлері шақырылды.



Асылы ОСМАНОВА:

«ҚАЗАҒЫМ БАР ДА МЕН БАРМЫН»

Қазір елімізде халқымыздың қазынасына айналған қарияларға құрмет көрсету айлығы жүріп жатыр. Қариясын сыйлаған халықтың ұрпағы емеспіз бе, Алматы қаласының барлық аудандарында да мерекелік жиындар өтіп жатыр. Медеу ауданына қарасты №98 мектеп ұжымы қарттар айлығы аясында белгілі қоғам қайраткері, тіл жанашыры Асылы Османмен кездесті.

Өркез «қазақ барда мен бармын» деп жүретін ана тілінің қамқоршысы Асылы Әлиқызы алғы сөзін қазақ халқына деген ізгі ықыласымен бастады.

— Біз әрқашан жылы қабақ танытып, жақсы ниет білдіруіміз керек. Еліміздегі осынау тыныштық пен үндестік, өзара сенімділікті сақтай білуіміз керек. Бір кезде тағдыр тәлкегімен қазақ еліне, жеріне еріксіз қоныс аударылған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысы болған қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына әркез тағзым етіп келеміз. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді. Еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасында адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшемі осынау күрделі уақыт жүгін иық тіресе бірге еңсеріп, тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай еңбек еткен бар азаматтарының бір-біріне құрметінің жемісі дер едім. Мен әлі күнге осы бір қайырымы мол халықтың «дархандығы даласынан дарыған, тектілікке бабасынан жарыған, кең қолтық, ізгі ниетті, жомарт «қызыл құмды қызығым, қара құмды қарағым» деген, тіпті сонау бетпақ шөл даланың өзін «мырзашөл» деп атаған данышпандығына тәнтімін. Дархан халықтың ұлттық мүддесін сақтайық, — деп ағынан жарылды.

Қадірменді қонаққа арнап, мектеп оқушылары концерттік бағдарламасын ұсынды. Тіл жанашырының қанатты сөздерін де нәшіне келтіре оқып берді.

Мектеп басшысы Манат Сағынбекқызы осынау айлық аясында жүргізілген жұмыстармен таныстырып, қарияларды тек қазан айында ғана емес, әрқашан сыйлау парыз деді.

Кездесу соңында өзі де, сөзі де Асылы апа ел бірлігін, ел тыныштығын көздің қарашығындай сақтау керек екенін тағы да баса айтты. Жас ұрпақты ана тілін ардақтауға шақырып, жылы тілегін жеткізді.

«Қазақ халқына деген махаббатымды «Қазағым барда мен бармын» деген кітабыма сыйдырдым ғой деймін. Ал мына кітапқа сыймағаны менің жүрегімде тұр», — деп, мектеп кітапханасына өзінің қазақ халқына деген махаббатын жүрегімен жазған кітабын сыйға тартты.

АСЫЛ ҚАЗЫНА

ӘЖЕЛЕР ШЫҚТЫ САЙЫСҚА...

Жетісу ауданындағы «Кемел» ықшамауданының «Мәдениет үйінде» қариялардың қатысуымен үлкен мереке өтті. Оны аудандағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы ұйымдастырды. «Ал көнекей, әжелер» деп аталатын сайысты аудан тұрғындары мен жастар да қызыға тамашалады.

Сонымен, аталмыш сайысқа «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының тұрақты қатысушылары, яғни оның қызметін алушы қариялар қатысты. Әжелер «Беу-айдай!», «Алые сердца», «Зорьки», «Золотые ручки», «Скандинавочки» деп аталатын бес топ болып, өнерлерін ортаға салды.

Байқаудың бірінші кезеңінде әжелер өздерін жай ғана таныстырмай, бірнеше тіл менгергенімен де жұртты таң қылды. Екінші кезеңде әжелер ән салып, монолог оқыды, араларынан мың бұралған бишілер шығып, тіпті қыздырып жіберді. Байқаудың үшінші кезеңінде әжелер білек сыбана кірісіп, та-

мақтың сан түрін жасады. Ең соңғы шешуші сайыста әжелер ұлттық нақыштағы киіммен шығып, таңдай қақтырды. Жалпы, бұл жолғы сайысқа қатысушылардың осалы болмады. Содан да болар, кіл мықтыларды анықтау қызылар алқасына да оңайға соқпады.

Сонымен, «Ал көнекей, әжелер!» сайысының Бас жүлдесін «Беу-айдай» әжелер тобы иеленсе, бірінші орынды — «Золотые ручки», екінші орынды — «Алые сердца», үшінші орынды — «Зорьки» әжелер тобы лайық деп танылды. Сонымен қатар, «Ұйымшыл және белсенді» номинациясы «Скандинавочки» әжелер тобына бұйырды.

САЛТ-ДӘСТҮР

«ҰЛ МЕН ҚЫЗ – ҰЛТ НАМЫСЫ!»

тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті

Жақында Қожа Ахмет Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназиясында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмысы аясында «Ұл мен қыз – ұлт намысы!» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.



«Даналық мектебі» клубының жоспарына сәйкес өткізілген бұл іс-шара 5 «а» сынып жетекшісі Арайлым Қасымжанның бастама-сымен өткізілді. Ата-аналарды қатыстыра отырып, олардың үлгі-өнегесі мен ықпалы арқылы оқушыларды ата-аналарын сыйлауға, үлкендерге құрметпен қарауға тәрбиелеу, ата-ана, ұстаз, оқушы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлері арқылы оқушылардың бойында асыл да адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақса-

тында өткізілген бұл ашық сабақтың оқушылар үшін маңызы зор.

Тәрбие сағатына сыныптың барлық ата-аналары белсене атсалысты. Аталмыш іс-шарада балалар қазақтың салт-дәстүрлері тақырыбындағы арнауларымен бастап, ары қарай «Күбі пісу» туралы видеороликпен жалғасты. Осы сыныптың оқушысы Алдиярдың анасы Айжан ханымның түсіндіруімен көрсетілген видеороликтен оқушылар көп мағлұмат алды. Ата-аналардың ашық сабақта белсенді болғанының айғағы — тағы бір ата-

аналарымыз Меруерт пен Айнұр есімді аналарымыз «Жеті ата» туралы көрініс қойып, бұл түсініктің маңыздылығына тоқталды. Сыныптағы тағы бір оқушыларымыз Наби Смағұл мен Арслан Тынысбек өз аналарымен «Ана мен бала» әнін керемет орындап шықты. Ұлттық бағытта өткізілген тәрбие сағатында ұлттық аспаптар туралы да айтылып, сынып оқушысы Даниял Ташенов «Ерке сылқым» күйін орындап берді.

Сыныптағы өнерлі қыздар да қарап қалмады. Мәселен Айсель Жанкельдина қазақ биін билеп, өнерлерін ортаға салды. Қазақтың ұмытылып бара жатқан ұлттық тағамы «Қарын бұрме» жайлы сынып анасы Риза ханым мәліметтер айтып, арнайы жасалған астан қонақтарға ауыз тигізді.

Тәрбие сағатын барлық оқушылар және аналар «Ана» туралы әнмен аяқтады. Жиын соңында мектеп директоры Бағила Ашимбаева өз ойын ортаға салып, ашық сабаққа оң бағасын берді.

Арайлым ҚАСЫМЖАН,
сынып жетекшісі, ағылшын тілі пәні мұғалімі.

МЕРЕКЕЛІК ЖИЫН

«ҚАРТЫ БАР ЕЛ – ҚАЗЫНАСЫ БАР ЕЛ!»

Жетісу ауданы әкімдігі мен Ардагерлер кеңесі Қарттар айлығы аясында «Қарты бар ел – қазынасы бар ел!» атты мерекелік жиын өткізді. Мерекелі кешті Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева құттықтау лебізімен ашты.

— Халқымызда «Қарты бар үйдің қазынасы бар», «Төрінде қартың отырсын» деген жақсы сөздер текке айтылмаса керек. Қарттық деген де бір әдемі кезең ғой. Міне, бүгін ортамызды толтырып отырған сіздердің әрбіріңіз еліміздің дамуына зор үлес қостыңыздар. Әлі де осы жолда келесіздер. Жас ұрпақ тәрбиесінде сіздердің ақыл-кеңестеріңіз бен озық тәжірибелеріңіз бізге ауадай қажет, — дей келе, аудан өміріне елеулі үлес қосқаны үшін Жетісу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Шәкірованы, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының басшысы Гүлжазира Қаныбекованы, басқа да белсенді аудан тұр-

ғындарын қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпованың Алғыс хатымен марапаттады.

Келесі кезекте қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов, басқа да еңбек ардагерлері сөз алып, қоғам, қала туралы келелі әңгімелерін ортаға салды.

— Мен үшін Жетісу ауданының, «Құлагер» ықшамауданының орны ерекше. Өздеріңізге мәлім, сонау 90-жылдары «Тұрғын үй-90» деген бағдарлама болды емес пе? Қазіргі «Құлагердің» алғашқы кірпіші сол кезде қаланды. Бірде жаңа ықшамауданға атау қою үшін байқау жарияланатын болды. Мен іргесінен аттың дүбірі естіліп, қаймағы қалың аудан болғалы тұр. Оның үстіне Ақанның да Құлагері бар, Жансүгіровтің өз «Құлагері» бар дегенім сол еді, бірауыздан, «Құлагер» атауы мақұлданып, байқаусыз-ақ жаңа ықшамаудан пайда болды. Сондықтан сіздермен кездескен сайын сол бір оқиға ойыма оралады, — деп Ақан Құсайынұлы әдемі естелікті еске алды.

Аудан қариялары жастық дәурендерін еске алып, билеп те алды.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР



КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

АЛМАТЫЛЫҚ
ДӘРІГЕРЛЕРДЕН
КӨМЕК СҰРАДЫ

Алматының Орталық қалалық клиникалық ауруханасына жанын қинаған ауруына ем іздеп Семей тұрғыны арнайы ат арытып келген. Ол осыдан 2,5 ай бұрын жарақат алған екен. Жергілікті сынықшыға барады. Сынықшы оған «қолдың буыны шығып кеткен» деген дұрыс емес диагноз қойып, оны түзету үшін манипуляция жасаған.

Алайда, науқастың жағдайы жақсарудың орнына нашарлай түскен. Сөйтіп, алматылық мамандардың алдынан табылған.

«Науқастың қайық тәрізді сүйек буыны сынған. Мұндай сынық өте сирек кездесетін жағдай. Бірақ сөзсіз ота жасалуы қажет. Сондықтан науқас жоспарлы түрде ауруханаға жатқызылып, хирургтар тобы күрделі отаға кірісті. Ота барысында шығып кеткен сүйек түзетіліп, сынықтың орны тазартылды және сүйек пластикасы жасалды. Сынған жерді қалпына келтіру үшін науқастың жамбасынан алынған сүйек үзінділері қолданылды, олар арнайы Герберт бұрандасының көмегімен қайық тәрізді сүйекке бекітілді», – дейді Орталық қалалық клиникалық аурухананың ортопед-травматологы Дәулет Чукманов.

Қазір науқастың жағдайы тұрақты, бір айдан кейін тексерілуге келеді.

МЕДИЦИНА

ЖАҢА АМБУЛАТОРИЯ
барлық қажетті құрылғылармен жабдықталған

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Республика күні қарсаңында Түркісіб ауданының «Нұршашқан» шағынауданында ашылған жаңа заманауи отбасылық-дәрігерлік амбулаторияға (ОДА) барды.

Жаңа амбулатория пайда болғанға дейін шағынаудан тұрғындарына 1975 жылы салынған 52 шаршы метр ескірген ғимаратта қызмет көрсетілді. Ол заманауи стандарттарға сәйкес келмеді және ұзақ уақыт бойы ауыстыруды қажет етті. Қабылдау тек фельдшерлік-акушерлік бағытта жүргізілді. Кешенді медициналық көмек алу үшін пациенттер «Жұлдыз-1» ш/а орналасқан №20 емхананың негізгі корпусына баруға мәжбүр болды.

Жаңа дәрігерлік амбулатория №20 қалалық емхананың филиалы болып табылады және ауысымына 100 келушіге есептелген. Медициналық мекеме алғашқы медициналық және дәрігерге дейінгі көмек көрсету үшін барлық қажетті құрылғылармен жабдықталған. Сондай-ақ, азаматтардың мобильділігі төмен тобы үшін міндетті шарттар сақталды: пандустар, ыңғайлы есік ойықтары және бейімделген санитарлық тораптар.

Ауданы 1,4 мың шаршы метр екі қабатты ғимаратта Педиатрия, Жалпы практика дәрігерлері, вакцинация, шұғыл және консультациялық-диагностикалық көмек



бөлімшелері, күндізгі стационар орналасқан.

Жаңа амбулатория шағынауданның бекітілген тұрғындарына қызмет көрсетеді, осылайша тұрғындардың медициналық қызметке деген қажеттілігін жабады.

«Мен «Нұршашқан» шағынауданында тұрамын. Біз жаңа заманауи амбулаторияның ашылғанына өте қуаныштымыз және ризамыз. Бұрын бізге өте алыс орналасқан емханаға жету қиын болды, «Жұлдыз» шағынауданына баруға тура келді. Қазір біз үшін медициналық көмек қол-

жетімді болды, дәрігерлер жақын жерде, біз ыңғайлы уақытта келеміз, емделеміз, дәрі-дәрмек аламыз», – деді науқас Тұрсынхан Раджибаева.

Айта кету керек, «Нұршашқан» ш/а-да жаңа ОДА ашылғаннан кейін медициналық қызмет көрсетілетін халықты қайта бөліп, №20 емхананың негізгі корпусын күрделі жөндеуді бастады. Емхана ғимаратын жөндеу 2008 жылы пайдалануға берілген сәттен бастап жүргізілген жоқ. Жұмыстарды аяқтау 2025 жылдың наурызына жоспарланған.

МЕРЕКЕГЕ ТАРТУ

ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР ОРТАЛЫҒЫ
бастапқы медициналық-санитарлық көмекті жүзеге асырады

Мегаполис медицинасында тағы бір тың жаңалық – Алатау ауданында орналасқан №23 қалалық емхана базасында Ұлттық Primary Health Care қауымдастығының жобасы шеңберінде ашылған Үздік тәжірибелер орталығы ресми түрде жұмысын бастады.



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

– Бұл маңызды оқиғаны алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесін нығайтатын және әлемдік деңгейдегі озық инновациялық әдістерді практикалық қызметке енгізе отырып, халыққа медициналық көмек көрсетудің жаңа тиімді моделін құруға дәнекер бола алатын үлкен қадам деп бағалаймын. Құрамында отбасылық дәрігер, патронаждық медбикелер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер бар Үздік тәжірибелер орталығының ең басты ерекшелігі – қоғамға, әлеуметке, адамға бейімделген бастапқы медициналық-санитарлық көмекті жүзеге асыру. Жаңа туған сәбиден бастап егде жастағы адамдардың денсаулығын бақылауға, заманауи құрылғылармен жабдықталған біздің еңселі орталық төрт жоба шеңберінде жұмыс істейтін болады, – дейді №23 қалалық емхана директоры Сәуле Ахатқызы.

Төрт жобаның бірі «Тыныштық бөлмесі» деп аталады. Онда көңілі сынық, жағдайы болмай тұрған қызметкер осы бөлмеде психологқа жүгініп, моральдық жағдайын қалыпқа келтіріп алуына болады.

Алдағы уақытта тек мамандарға ғана емес, емханаға келетін тұрғындарға да сондай көмектер ұсынылмақ. Отбасында немесе айналамызда болып жатқан кейбір келенсіз оқиғалардың денсаулыққа да кері әсерін тигізетінін ескерсек, «Тыныштық бөлмесінің» пайдауы үлкен болатынына сенімдіміз.

Екінші жоба «Ерлердің ұзақ жасауы» үшін қызмет көрсетпек. «Ақылды таразы» деген үшінші жоба да онтайлы болады деп отыр мамандар. Мәселен, дәрігер алдына келген тұрғын таразы үстінде екі минут көлемінде тұрады. Осы уақыт аралығында дәрігер оның бойындағы зат алмасу процесін мобильді қосымша арқылы бақылай отырып, нәтижелі ем-дом тағайындауға мүмкіндік алады. Ал төртінші жобада орталық қызметкерлері сапалы алғашқы шұғыл медициналық қызмет көрсету дағдыларын үйренеді. №23 емхана жанында жеті мектеп, құқық қорғау органдары орналасқан. Сондықтан алдағы уақытта сол мекемелердегі қызмет-

керлер де осы жобаға қатыстырылады.

Осы орайда айта кетсек, 46 100 адам тіркелген №23 емхана бүгін ғана емес, халыққа 11 жылдан бері қызмет көрсетіп келеді. Ондағы мамандар Ұлттық Primary Health Care қауымдастығының жобасы аясында бірнеше ай бойы оқыту курстарынан өткен болатын. Нәтижесінде қала бойынша аталған жобаның барлық талабына сәйкес келген емханаға бүгін «Үздік тәжірибелер орталығы» деген жаңа мәртебе беріліп отыр.

Орталықтың Республика күні қарсаңындағы ашылу салтанатына Алматы қаласы мен Алатау ауданы әкімдіктерінің мамандары, ТМД елдерінен келген делегация, сондай-ақ еліміздегі үздік тәжірибелер орталықтарының қызметкерлері қатысып, жаңа да жауапты мәртебеге ие болған мамандарға сәттілік тіледі.

МАМАН КЕҢЕСІ

Тұмауды өз бетіңізше
емдемеңіз

Күн салқында тұмаумен балалар мен қарттар жиі ауырып қалып жатады. Сондықтан аурудың алғашқы белгілері бас көтере бастағаннан-ақ дереу дәрігерге көріну керек. №36 қалалық емхананың дәрігері Гүлзада Төлегенова суық тию және вирустық аурулардың белгілерін айтып, олардың алдын алу туралы кеңес берді.



майды. Антибиотик вирустық инфекцияларды емдемейді және асқынуды тудыруы мүмкін. Оны тек науқастың жағдайына қарай дәрігер тағайындауы керек», – деп шегеледі дәрігер.

Суық тиюді тиімді емдеу үшін дәрі-дәрмекті дұрыс қабылдау ғана емес, сонымен қатар ағзаны дәруменмен қамтамасыз ету маңызды. Бірақ витаминдерді қабылдау да дәрігермен келісілуі керек.

«Иммунитетті көтеру кешенді тәсілді қажет етеді. Мәселен, салауатты өмір салтын ұстану, таза ауада жиі серуендеу, сондай-ақ көкөніс пен жемісті көп тұтыну да ағзаны қуаттандырады. Маманның тағайындауы бойынша аскорбин қышқылы сияқты қосымша дәруменді қабылдау маңызды. Сондай-ақ, басқаларға жұқтырмас үшін дер кезінде дәрігерді шақыру қажет екенін ұмытпаған жөн», – деп түйіндеді сөзін Гүлзада Төлегенова.

НАҚТЫ СЕКТОР

АВТОКӨЛІК АЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

Темір тұлпарды тізгіндемес бұрын нені білген жөн?

Алып шаһарымыз Алматыда көлік саны күн санап артуда. Үлкен мегаполис үшін әр үйде бір көліктің болғаны абзал. Себебі, қаланың бір шетінен екінші шетіне жету қиындық тудырады. Автобустар лық толы болса, ал такси бағасы тым қымбат. Алайда, темір тұлпар алғаннан кейін нені білген жөн? Толығырақ тарқатып көрейік.

Ернұр
РЫСБАЙ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рамазан САНДЫБАЙ,
көлікті техникалық тексерістен өткізуші маман:

Көлік тандаудан қателеспейсіз!

Менің көлік тексеру саласында жүргеніме бірнеше жыл болды. Соңғы жылдары көлік бағасының шарықтап кеткені бәріне белгілі. Сондықтан көп сатып алушылар алдын ала келіп бізден тексерістен өткізіп жатады. Меніңше, бұл өте дұрыс шешім. Біз арқылы олар көліктің жағдайын, жарамсыз жерлерін анықтай алады. Көп кісілер ескі көліктерді де тексертіп жатады. Себебі, сатушылар көлік туралы бар шындықты айта бермейді. Өз пайдасын ойлап өз бағасына тұрмайтын көліктерді қыруар қаражатқа сатып жүргендер де жетерлік. Бізге тексеріске келіп, тексерістен өткен соң, сатып алудан бас тартып жатқандар да жетерлік. Бірінің асты шіріген болып шыкса, енді бірінде қатты соғылғаны анықталып жатады. Сондықтан көлік тандаудан қателеспеген жөн. Қауіпсіздік бірінші орында екенін ұмытпаған абзал.

Дидар ЫБЫРАЙХАН,
жас маман:

Жақсы көлік табу қиын

Дәрігер болып жұмыс жасап жүргеніме 2 жылға жуық уақыт болды. Жалакымнан көлікке деп жинаған біраз ақшам бар. Алайда, көлік іздеп жүргеніме 3 айдан асты. Жақсы көлік табу өте қиын екен. Бастапқыда ескі көліктерге қызықтым. Бағасы арзан болған соң ешқандай қиындық болмайды деп ойладым. Бәрі мен ойлағандай емес екен. Одан соң басқа елден алдыртатын деп шешім қабылдадым. Көліктің жақсысын тапқаныммен, оны қазақ нөмірлі көлікке ауыстырудың машақаты көп екенін, әрі біздегі бағадан асып түсетінін естідім. Кейіннен алғашқы жарнасын төлеп, несиеге алсам қалай болады деп жолдарын іздедім. Алайда, көлік бағасын екі есе қылып қайтарғым келмеді. Енді қаражатым жететін көлікті аламын деп отырмын. Көлік көп болғанымен жақсысын табу қиын екен.



ТҮЙІН:

Жақсы көлік – жақсы жылқы секілді, керек жеріңе жеткізеді, жолда қалдырмайды. Көлік аламын деп қарызға белшеніңізден батпаңыз. Жағдай жетіп тұрса көзді жұмып алуға болады, ал болмай тұрса асықпаған дұрыс болар.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

CHATGPT

ӘЛЕУМЕТТІК БЛОГЕР
жастарды қызықтыра біледі

Бүгінде «блогерлердің» бағы жанып тұр десек болғандай. БАҚ-пен бәсекелестік танытып қоятын, жастардың өмірінде елеулі рөлге ие болған осы бір кәсіп иелерінің қандай «құдіреті» бар? Олардың қоғамдағы ықпалы күннен-күнге артып, жас буын оларға қызығушылығын білдіруде. Шыны керек, жастар тандауын білдіріп, блогерлерді әлеуметтік желі арқылы үнемі бақылап отырады, содан шабыт алады. Шалқар шабыт сыйлаған блогерлердің жастарға бұлай ықпал етуінің бір емес, бірнеше себебі бар тәрізді.

Блогерлер жиі жаңа тренд тудырады. Осыны байқаған жастар қолдап, қолпаштап, одан әрмен өз аудиториясына таратады. Олардың технология, өнер, денсаулық, сән, тағы да басқа саладағы жаңалықты «әп» дегеннен көрсетуі де жастардың қызығушылығын арттыруда. Енді бір үлкен себептің бірі – өзін-өзі дамыту мен табысқа жетудің жолдары. Көптеген блогер өздерінің табысқа жету жолын бөлісу арқылы жастарға дем беріп (мотивация), шабыт сыйлауда.

Жастардың блогерлерден үлгі алуының себебі аз емес. Олар бойжеткен мен бозбаланы заманауи үлгіге ұмтылдырып, сол жастарды қолжетімді әрі жаңа трендке ынталандырады. Осыдан соң жастар арасында блогердің ықпалы артпай қалмайды?.. Бүгінде блогерлер танымал қоғамдағы ықпалды тұлғаларға айналуда. Расында да, жас буынға үлгі көрсететін маңызды тұлғаға айналу оңай емес. Десек те, осындай жетістікке жетудің тасасында тынымсыз еңбек пен ілгері ізденістің жатқаны анық.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әсел РАҚЫМҚЫЗЫ,
студент:

Блогерлер өздерінің бастапқы жіберген қателігін айту арқылы жастарды елең еткізіп, олардың қызығушылығын арттырады. Жастарды жаңа дағдыға үйретеді, оларды баулиды, шығармашылық өнермен шұғылдануға жетелейді.

Демек, олар жалын-жастарды шығармашылықпен айналысуға, сондай-ақ қандай да бір бизнесті бастауға шабыттандырады. Әсіресе, өз бизнесін бастағысы келетін жастарға блогерлердің табысты оқиғасы қызық-ақ.

НЕЙРОЖЕЛІ:
пайдасы мен қаупі

Осы күні нейрожелінің пайдасынан зияны басым деген пікірлер айтылып қалады. Жасанды интеллект қоғамның барлық саласында өзінің мол мүмкіндігімен кеңінен қолданылып жатқан шақта олай деп біржақты айту артықтау болар. Бүгінде жұртшылықтың басым бөлігі пайдаланатын әлеуметтік ChatGpt «Open AI» компаниясы нейрожелімен ұсынып отырған ақпаратқа назар салалық.

ChatGpt нейрожелісі бүгінде әрбір адамға көмек қолын созып отыр. Аталған нейрожелі жұмысшыға да, студентке де, оқушыға да мол мүмкіндік беруде. Бұл нейрожеліні сынаушылар да табылады. Әйтсе де, сан түрлі сауалға жауап тауып, тақырыпқа сай толықтай ақпарат алып, жұмысын жеңілдетуде. Осы күні нейрожелінің жауабына қанағаттанушылар жеткілікті. Осы саланы зерттеуші-мамандар болашақта нейрожелінің мүмкіндігі артпаса, кемімейтініне сенімді.

Қоғамды алаңдатып отырған мәселенің бірі – жасанды интеллекттің адам еңбегімен алмасуы. Тек, «ChatGpt емес, болашақта осы секілді нейрожелілер жұмыскерлердің орнын басып, жұмыссыз қалатын маман саны артпай ма?..» деген күмәнді сауал да туындайды. Болашақта нейрожелі мен басқа да жасанды интеллект мамандарының жұмысын автоматтандыруы мүмкін деген болжам бары рас. Бұл жәйт кейбір салада жұмыссыздықтың артуына ықпал етеді дегенге саяды. Бірақ нейрожелілер тек қайталанатын әрі механикалық жұмысты орындауға қабілетті болғандықтан, шығармашылық және адами дағдыны талап ететін мамандықтар әлі талай сұранысқа ие бола бермек.

Нейрожелі туралы ғалымдардың да болжамы түрлі аспектіні қамтып отыр. Бұған тоқтала кететін болсақ, «Microsoft» корпора-

циясының атқарушы вице-президенті Джейсон Зандер: «Нейрожелі тікелей ғылыми материалға, қандай да бір мәліметтер базасы мен заттардың қасиетіне сүйенеді. Бұл – ғылыми жаңалық ашу үшін қолдануға болатын сенімді деректер жүйесі» деп ашып айтты.

Джеффри Хинтон (британдық ғалым) мен Ян Лекун (француз ғалымы) сияқты ғалымдар нейрожеліге байланысты болашақта көптеген жетістікті болжайды. Хинтонның пікірінше, нейрожелінің әлеуеті тек ғылымда ғана емес, жасанды интеллекттің (AI) түрлі саласында кеңінен қолданылады. Ғалымның болжауынша, нейрожелілер болашақта көптеген саланы автоматтандыруға ықпал етеді. Ян Лекун – конволюциялық нейрондық желінің негізін қалаушы. Бұл желі суреттерді тану, оларды өңдеу мен басқа да күрделі деген тапсырманы орындау кезінде көптеген жетістікке жеткен. Лекун өз пікірінде нейрожелі болашақта тез дербес шешім қабылдай алатын, көп деңгейлі интеллектуалдық жүйелердің негізі болатынын атап өтті.

Екі ғалым да болашақта жасанды интеллекттің дамуы мен қолданылуы маңызды рөл атқаратынын, болашақта оның дамуы әлі де алда екенін сеніммен айтады. Келешекте нейрожелі сан түрлі салада: білім, экология мен медицина салаларында кеңінен қолданылмақ. Бірақ та нейрожелінің түрлі салада пайдаланып, қолданылуына байланысты қауіпсіздік, этикалық мәселелер де маңызды.

Қалай айтсақ та, жасанды интеллекттің дамуы біздің уақытымыздың талабына сәйкес келеді. Әлбетте, нейрожелінің пайдасы мен зияны қатар жүреді. Демек, бұлар өзара байланысты. Олар бізге көптеген мүмкіндікті ұсынып отырса да, олардың қаупі де қатар келетінін ескеруге тиіспіз. Сол себепті, бұл технологияны тиімді пайдалануға көп оқу, іздену керек. Жаңа дүниені үйренушілер осыны жадында сақтауы қажет.

Әзірлеген
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (кала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (кала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (кала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (кала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ҚЫРҒАУЫЛ КҮЗДЕ ЖҰМЫРТҚАЛАСА...

КҮЗ Ұзаққа созылады

Қараағаштың, теректің, еменнің жапырақтары кей жерлерде әлі жайқалып тұр. Жап-жасыл шөбі баяу ырғалған алқаптар да аз емес. Ауа райында әлі тұрақтылық жоқ. Бүгін күн шуақты болса, ертесіне жауындытып, желдегіп шыға келеді. Күздің қаһарлы айтарының бірінен саналатын қазан айы да біту қарсаңында. Соңғы аптасы жүріп жатыр.

Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ

Бабалар болжамына сүйене отырып өткен жолы Алматыда шуақты күндердің сақталатынын, алматылықтардың жеңіл киіммен желпініп жүретінін жазғанбыз. Солай болды да. Дегенмен, аптаның соңына қарай күн райы ештеп бұзылғаны байқалды. Енді ауа райының қайтадан жылылыққа бет бұра бастағаны аңғарылады. Бұлайша болжам жасауымызға дәйек пен дерек те жоқ емес. Айталық, ауа райын, тіпті табиғатта сирек болатын әртүрлі төтенше жағдайларды алдын ала байқайтын жәндіктер мамыражай тіршілігін жасап жатыр. Көргендердің айтуына қарағанда, қала маңындағы жоталарда жыландар тіршілік қамымен әлі де жортып жүрген көрінеді. Идеріне кіріп, қысқы ұйқыға жатуға асықпайтын сыңайлы.

Мына қызықты қараңыз, жақында серуендеп жүрген бір тұрғын ойламаған жерден Алатаудың көп шатқалының бірінен қырғауылдың жұмыртқаларын кездестіріпті. Сол маңнан ізін көріп, жез таңдайынан сақ етіп шыққан дауысын да естіпті... Қырғауыл демекші, дүние жүзінде қырғауылдың 175 түрі кездеседі. Сырт бейнесі сұлу бұл құстың тірі салмағы 45 грамм мен 5 келі арасында болады екен. Көбінесе жерде өмір сүреді, қауіпті жағдай туғанда ғана ағашқа шығады, не болмаса бұтақтың ұшар басында түнейді. Жер шұңқырынан ұя жасап, сонда

(5–10) жұмыртқалайды. Еті жұмсақ, дәмді, тез қорытылады. Алматы маңында 3000-ға жуық қырғауыл бар көрінеді. Қырғауыл барынша сақ, ауа райын болжағыш құстардың бірі. Өлгі жұмыртқалар күздің шуақты болатынының айғағы болса керек.

Алматылықтар үшін қытымыр қыстың ауылы әлі алыс сияқты. Ертегі-кеш болатын салқынды жокқа шығаруға болмайды, әрине. Қолданыстағы күнтізбе бойынша бүгін қазан айының – 25-ші жұлдызы. Ай жүйесі – айдың 22-сін мерзеп тұр. Ескіше (қазақша) айдың – 12-сі. Енді 8 күннен кейін жаңа ай туады. Демек, апта айдың ортасы мен соңын қамтып тұр. Бұл көрініс алдағы аптада – 25 қазан мен 1 қараша аралығында арагідік жаңбыр мен қардың көрініс беретінінен хабар беріп тұрғандай. Бұған қарап «күз бітті», «қыс келді» деуге әлі ерте.

Күздің тағы бір айы бар. Шуақты, ашық күндер де жоқ емес. «Кемпір шуақ» амалы да өз кезегін күтіп тұр. Бұрынғы кезді қазақтар үлкен қазан амалы жақын-дағанда кәрі, ақсақ-тоқсақ малдарды өріске жібермей, ауыл маңына ұстаған, олардың ішінен «қазан асын» сойып отырған. Аталмыш амалдар ретімен өтіп жатыр. «Бұғының мойын жуары» амалы осы аптаның соңына қарай бой көрсетпек. Қазан айының 20–25 аралығында өтеді. Осы мезгілде бұғының түгі түсіп, мойны жуандап семіреді. «Егер бұғылар үйірге ерте түссе, қырғауыл күзде жұмыртқаласа, жылан ініне уақытылы кірмесе, құз ұзаққа созылады» деген бұрынғылардан қалған болжам бар...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ Аспан денелерінің қозғалысына қарап жасалған жорамал:

- * Күн сары қызылданып, шаңқайып шықса, құрғақшылық болады.
- * Күнгірттеніп, қораланып, солғын көрінсе, жауын-шашынды болады.
- * Күн сәуде шашып шықса, молшылықтың белгісі.
- * «Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келіңнің ұл тапқандай қуан».
- * «Ай қораланса, атаныңды сайла, күн қораланса күрегіңді сайла».

ПРОКУРАТУРА

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ӨНДІРІЛГЕН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Жалпы, Алматы қаласы бойынша әкімшілік құқықтық статистиканың жай-күйі. 2024 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша Алматы қаласының мемлекеттік органдарымен «Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған есепке алу» мәліметтерінің деректеріне сәйкес «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде жалпы сомасы **36 417 160 353** теңгеге әкімшілік айыппұл түрінде жаза қолданылған **2 762 098** әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді, оның ішінде **27 985 700 035** теңге өндіріліп алынды, бұл өндіріп алудың **76,8%**-ын құрайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынған айыппұл туралы мәліметтерді қайдан және қалай алуға болады?

Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (Комитет) ақпараттық порталында өзіңізге қатысты әкімшілік айыппұлдар туралы ақпаратты ала аласыз және де нақты уақыт тәртібінде оны төлеу мүмкіндігіне ие боласыз.

Салынған айыппұлды екі мемлекеттік ресурс арқылы (qamqor.gov.kz. және egov.kz) онлайн-режимде танысуға және өтеуге болады.

1) Ол үшін qamqor.gov.kz сілтемесіне кіріп, өзіңіздің жеке немесе заңды тұлға ретінде «Электрондық цифрлық қолтаңба» (ЭЦҚ) арқылы авторизацияланғаннан кейін, «Айыппұлдар туралы біл» бөлімін таңдап, әрі қарай «Өз айыппұлдарың туралы біл» түріне өту арқылы «Әкімшілік айыппұлдар» функционалын қолданасыз. Егер сіздің атыңызда айыппұл бар болса, оны төлеу мүмкіндіктері қарастырылған ақпарат шығады.

Егер көрсетілген айыппұл төленбеген болса, онда «Төлеу» батырмасын басып, Қазақстан Республикасының «Электрондық үкімет» порталының төлем бөлімшесіне өтіп, көрсетілген айыппұлды төлей аласыз.

2) «Электронды үкімет» порталы арқылы [Egov.kz](http://egov.kz) сілтемесіне кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөліміне өтесіз. «Әкімшілік айыппұлдарды және жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдары іздеу және төлеу» қызметін таңдап, аталған қызмет түріне өту арқылы «Әкімшілік айыппұлдар» функционалын қолданасыз. Егер сіздің атыңызда айыппұл бар болса, оны төлеу мүмкіндіктері қарастырылған ақпарат шығады.

[Egov.kz](http://egov.kz)-тен айыппұлдарды көру үшін міндетті түрде ЭЦҚ болуы қажет. ЭЦҚ авторизациядан өткізу міндетті түрде талап етіледі. Осылайша айыппұл туралы ақпаратты біле аласыз.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің (КР ӘҚБтК) 811-бабына сәйкес салынған айыппұлдың мөлшерін **50%** жеңілдікпен төлеуге болады, яғни әкімшілік құқық бұзушылықпен танысқан («Қазпошта» АҚ-ның қызметкерлері табыстаған сәттен бастап немесе СМС байланыс нөміріңізге жолданған) күннен бастап 7 тәулік ішінде төлеу қажет.

Бұдан бөлек, айыппұлды банктер мен онлайн-банкінг ресурстары, электронды үкімет порталы, интернет банктер, терминалдар мен түрлі электронды әмияндар арқылы да төлей аласыз. Ол үшін бюджеттік сыныптама кодын (БСК), салық органының кодын (СОК) және төлем мақсатының кодын (ТМК) дұрыс көрсету қажет, сонымен бірге, айыппұлдарды екінші деңгейлі банктердің қасалық терминалдары және қосымшалары арқылы өтеуге болады.

Айыппұлды төлегеннен кейін Комитеттің орталықтандырылған дерекқорына тікелей түседі, егер техникалық ақаулық салдарынан түспей қалған жағдайда айыппұл салған мемлекеттік органға төлем туралы түбіртектің көшірмесін тапсырып, төлем туралы мәліметті ақпараттық жүйеге енгізуін талап ете аласыз.

Жеке немесе заңды тұлға салынған айыппұлмен келіспеген жағдайда, КР ӘҚБтК-нің 826-2-бабына сәйкес айыппұл салған мемлекеттік органға шағым жасауға құқылысыз. Оны qamqor.gov.kz. және egov.kz порталдары арқылы онлайн-режимде жолдауға болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптарымен тіркелген кезде жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылыққа көлік құралдарының меншік иелері тартылады.

Егер көлік құралы басқа тұлғаның иелігінде болса, КР ӘҚБтК-нің 31-бабы 2-тармағына сәйкес көлік құралының меншік иесінің хабарламасы немесе арызы бойынша тексеру барысында құқық бұзушылық тіркелген кезде көлік құралы иелігінде болған тұлға анықталса немесе басқа тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде көлік құралына ие бола алмай қалса, осы көлік құралының қатысуымен жасалған құқық бұзушылық үшін ол әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

А.ҚЫЛХОДЖАЕВ,

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бөлімінің аға прокуроры.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтаматына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



«АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

ЖАЙДАРЫ ЖАРҚЫН АЛТЫН КҮЗ

Жастар экологиялық науқанға қолдау білдірді

Әйгілі спортшылар тазалық пен тәртіпке шақырады

Алматыда атақты спортшылар «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық бастамасы мен «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында өтіп жатқан «Жарқын күз» күзгі науқанын қолдады.

Науқанды қолдағандар қатарында Париж Олимпиада-сының жүлдегерлері Нариман Құрбанов, Назым Қызайбай, Ғұсман Қырғызбаев, Александра Ле, Ислам Сәтбаев, Олимпиада чемпионы Ермахан Ибраимов және басқа да спортшылар бар. Олар әріптестерін және қала тұрғындарын аула мен қала аумақтарын тазалауға атсалысуға шақырған бейнежазба түсірді.

«Алматы – біздің ортақ үйіміз, сондықтан қаланың таза әрі көрікті болуы үшін әркім өзінен бастауы керек! Мен бұл челленджді қабылдап, бүгін ауламды қоқыстан тазалап жатырмын», – деді Нариман ҚҰРБАНОВ.

Сонымен қатар, экологиялық науқанға Алматының әйелдер және ерлер баскетбол командаларының ойыншылары, MMA спортшылары да қосылды.

«Мен барлық алматылықты қалыс қалмай, экологиялық акцияға қатысуға және қаланың көркеюіне үлесін қосуға шақырамын!», – деп үндеу тастады бокстан әлем чемпионатының жүлдегері Алуа Балқыбекова.

Олимпиадалық резервтегі балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің тәрбиеленушілері де «Жарқын күз» науқанына белсенді түрде қатысып, қаладағы тазалық пен тәртіпті сақтаудың маңыздылығын түсіне отырып, аулаларды қоқыстан тазартып жатыр.

Алматыда республикалық «Таза Қазақстан» бағдарламасы және «Алматы – біздің ортақ үйіміз» күзгі науқаны аясында Жетісу ауданында сенбілік және аудан зейнеткерлері арасында спартакиада өтті. Спорттық жарыстар ушу, айкуне, скандинавиялық серуендеу, ерлер арасындағы жерден көтерілу, асық ойыны, доп лақтыру және дартс сияқты спорт түрлері бойынша ұйымдастырылды. Іс-шараға барлығы 100-ден астам адам қатысты.



Жетісу ауданында 700-ден астам ағаш отырғызылды

«Өз ағашынды отырғыз» акциясы аясында Жангелдин атындағы скверде жапырақты ағаштың 150 көшеті отырғызылды. Сондай-ақ, Көкжиек саябағында да тазалық жұмыстары жүргізіліп, онда 500 түрлі ағаш, оның ішінде шаған, қайың, сәнағашы және қараған көшеттері отырғызылды. Аудан белсенділерімен бірлесе отырып, саябақтан 350 текше метрден астам қоқыс шығарылып, 40 бірлік арнайы техника жұмылдырылды.

Жетісу ауданы тұрғындарынан бөлек, экологиялық науқанға халықаралық ұйым – Кореяның бейбіт және демократиялық бірігуі жөніндегі Консультативтік кеңес, Алматы корей ұлттық орталығы және Алматы корей жастары қозғалысы қосылды. Сенбілік барысында осы ұйымдардың белсенділері Көкжиек саябағына 50 ағаш отырғызды.

«Экологиялық акцияға қатысушылардың барлығына зор алғыс білдіремін. Қазір осындай шараларды өткізу өте маңызды, олардың арқасында біз бірлесіп күш салып, қоғамға пайдамызды тигізе аламыз!», – деді Консультативтік кеңестің Қазақстандағы филиалының төрағасы Кан Ухан.

Науқанды қолдаған қатысушылар қаламыздың тазалығын және сұлулығын сақтауға әркімнің қатысуының маңыздылығын атап өтті.

«Сенбілік – бұл ауданымыздың тазалығы мен көркеюіне үлес қосудың тамаша мүмкіндігі.

Осы күндері тұрғындар ауласын ретке келтіріп, оларды жайлы әрі әдемі етуге тырысады», – деді «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының басшысы, Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Шакирова.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ:

Алматыда видеомониторингтің көмегімен 17 бұзушылық анықталды

«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы және «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту және Алматы қаласын цифрландыру басқармалары арасында келісімге қол қойылды. Келісім аясында коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы Target АҰА бағдарламасы бойынша видеомониторинг жүйесіне қолжеткізді. Бұл жаңалық қаладағы санитарлық нормалардың бұзылуын тұрақты негізде анықтауға және оларды жою үшін уақтылы шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.



абаттандыру жауапкершілігінің шекарасын анықтау. Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының деректері бойынша қалада 5590 кәсіпкерлік нысаны паспортталуға жатады. Қазіргі уақытта мыңнан астам кәсіпкер паспорттарға қол қойды.

Паспорттау бойынша барлық жұмыстарды аяқтау 2025 жылдың сәуіріне жоспарланған. Бағдарлама аясында кәсіпкерлер іргелес аумақтарды ретке келтірумен қатар, ғимараттардың қасбеттерін күту, тазалықты сақтау және коммуналдық қалдықтарды уақытылы шығару жөніндегі талаптарды сақтауға міндетті. Видеомониторинг жүйесі және жаңа абаттандыру ережелері өмір сүру үшін қолайлы жағдай жасауға көмектеседі. Ережені бұзған кәсіпкерлер ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады.

Алматы волонтерлері қаланың әлеуметтік мекемелерінің аумақтарын тазалауға көмектесіп, «Жарқын күз» экологиялық акциясына белсенді қатысады. Осылайша аталған іс-шаралармен қарттар үйлері, балалар үйлері, үйсіздерге арналған баспаналар және басқа да әлеуметтік мекемелер қамтылды.

Еріктілер әлеуметтік мекемелердің аумақтарын жинады

Ұйымдастырушы қаланың жастар саясаты басқармасының қолдауымен Алматы волонтерлерінің фронт-офисі болды. Жастар қаланың тазалығын сақтау әркімнің ортақ міндеті екенін түсінеді. Бірге жұмыс істей отырып, олар қаланы таза етіп қана қоймай, алматылықтарға қоршаған ортаға қамқорлық жасаудың маңыздылығын түсіндіреді. Олардың айтуынша, бұл бастама тазалау туралы ғана емес, қолдау маңызды адамдарға назар аудару туралы. Қарттар үйлері мен балалар үйлерінің жанындағы аумақтарды тазарту – бұл тазалықты арттырып қана қоймай, онда тұратын адамдардың көңіл күйіне оң әсер ететін күтім түрі.

«Мен ерікті ретінде қаланың әлеуметтік мекемелерінің аумақтарын тазалауға қатыстым. Біз қоқыстарды алып тастадық, қоршауларды боядық, жасыл аймақтарды ретке келтірдік және осы мекемелердің тұрғындары үшін қолайлы жағдай жасауға тырыстық. Менің ойымша, мұндай акциялар қоғаммен байланысты нығайтуға және біздің қолдауымызға мұқтаж адамдарға қамқорлық жасаудың маңыздылығын көрсетуге көмектеседі», – деп атап өтті ерікті Құдайберген ШӘМШІ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».